

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



Инклюзия жағдайында 5-9 сыныптардың қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы оқу пәндерінің БЖБ және ТЖБ сараланған тапсырмаларын дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар

**Методические рекомендации
по составлению дифференцированных СОР и СОЧ по учебным предметам
общественно-гуманитарного направления 5-9 классов
в условиях инклюзии**

**Нұр-Сұлтан
2020**

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2020 жылғы 18 қарашадағы № 8 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 8 от 18 ноября 2020 года)

Инклюзия жағдайында 5-9 сыныптардың қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы оқу пәндерінің БЖБ және ТЖБ сараланған тапсырмаларын дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020. – 144 б.

Методические рекомендации по составлению дифференцированных СОР и СОЧ по учебным предметам общественно-гуманитарного направления 5-9 классов в условиях инклюзии. Методические рекомендации – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2020. – 144 с.

Оқу құралында білім алушылардың ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес тапсырмаларды саралау әдістері, инклюзивті білім беру жағдайында қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша БЖБ және ТЖБ сараланған тапсырмаларын дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар ұсынылады.

Әдістемелік ұсынымдар жалпы білім беретін мектеп басшыларына, мұғалімдерге, әдіскерлерге, білім басқармалары мен бөлімдерінің мамандарына арналған.

В пособии предлагаются методы дифференциации заданий в соответствии с особыми потребностями и индивидуальными возможностями обучающихся, методические рекомендации по составлению дифференцированных заданий СОР и СОЧ по предметам общественно-гуманитарного направления в условиях инклюзивного образования.

Методические рекомендации предназначены руководителям, учителям общеобразовательных школ, методистам, специалистам отделов и управлений образования.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2020
© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2020

Кіріспе

Қазіргі уақытта Қазақстанда білім беру жүйесінің әртүрлі деңгейлерінде инклюзивті білім берудің медициналық моделінен әлеуметтік-педагогикалық модельге көшу процесі жүруде. Үздіксіз инклюзивті білім беру адамның кейінгі барлық қол жеткізетін жетістіктері оған тәуелді болатындай негізгі қадам болуы тиіс. Ол ұлттық мәдениетті сақтаудың іргетасы және баланың жеке тұлға ретінде қалыптасуының, оның әлеуметтік бейімделуінің маңызды шарты болып табылады.

Инклюзивті білім беру білім беру вертикалінің әртүрлі сатыларында бастапқы мүмкіндіктері әртүрлі балаларды оқыту мен тәрбиелеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл процестер қазіргі білім беру ұйымдарындағы білім беру процесінің дамуына да күшті әсер етеді, мұндайда оның қатысушылары арасындағы қатынасты айтарлықтай өзгертеді. ЕБҚ бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін ұйымдастыру және қолдау технологиялары білім беру процесіне қатысушылардың барлығының құқықтары мен ерекшеліктерін құрметтеу негізінде қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік береді. Барлық аталған процестердің жиынтығы білім беруді ізгілендіруді одан әрі дамытуға және жаңа типтегі кәсіби педагогикалық қоғамдастық құруды қамтамасыз етуге арналған.

Мұғалімнің әр оқушыны жеке тұлға ретінде тануы жеке тұлғаға бағытталған оқыту жүйесінің маңызды позициясы болып табылады. Баланың даралығы білім алушының оқу ақпаратын қабылдау мен өндеудің өзіндік ерекшелігі арқылы көрініс табады. Сол себепті мұғалім оқу материалының көмегімен білім алушының жеке дамуы үшін қажетті жағдайларды жасауы керек.

Білім алушы оқу мазмұнын іс-әрекетте игереді. Осындай жағдайда оқыту негізінде білім алушы білімді саналы және берік игереді әрі дамиды. Білім алушы өзі оқуы керек, ал мұғалім оның оқуын басқаруы тиіс, яғни оқу әрекетін ынталандыруы, ұйымдастыруы, кеңес беруі, бақылауы тиіс. Оқытуды субъект-субъектілі негізге ауыстыру білім алушының білім алуға мотивациясын, интеллектісін, бейімділігін, тәуелсіздігін, оқу-танымдық іс-әрекетті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыра білуін қамтамасыз ететін педагогикалық технологияны қажет етеді.

Қазіргі жағдайда мұғалімге жеке тұлғаға бағытталған білім берудің тұжырымдамалық ережелерін білу, білім алушының жеке басын қалыптастырудағы қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндердің рөлін қайта қарастыру, білім беру сапасын жақсарту жөніндегі қызметтің негізгі бағыттарын бөліп көрсету, оқу процесін ұйымдастырудың технологияларын, білім алушыларды жиынтық бағалау рәсімдерін қарастырудың жаңа тәсілін түсіну маңызды.

Бұл әдістемелік құралдың мақсаты білім алушылардың ерекше қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктеріне сәйкес тапсырмаларды саралау әдістерін анықтау, инклюзивті білім беру жағдайында қоғамдық-гуманитарлық

бағыттағы пәндер бойынша БЖБ және ТЖБ сараланған тапсырмаларын дайындау бойынша тиісті әдістемелік ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Бұл ұсынымдарды әзірлеу міндеттеріне білім алушылар үшін, оның ішінде ЕБҚ бар балалар үшін тапсырмаларды саралау ерекшеліктерін түсіндіру, инклюзивті білім беру жағдайында қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша БЖБ және ТЖБ сараланған тапсырмаларын дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеу кіреді.

Аталған оқу құралы инклюзивті практиканы жүзеге асыратын білім беру басқармалары мен бөлімдерінің әдіскерлеріне, мамандарына, жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне ЕБҚ бар білім алушыларды бағалау процесінде пәрменді әдістемелік көмек көрсетуі тиіс.

1 ИНКЛЮЗИЯ ЖАҒДАЙЫНДА 5-9-СЫНЫПТАРДА ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бүгінгі мектептің негізгі міндеті – баланың даралығын айқындау, оның өзін-өзі тануына, дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына, әлеуметтік әсерлерді талғап, төтеп бере білуге көмектесу. Мұндай білім берудің мақсаты – психологиялық-педагогикалық жағдайдағы жүйені құру. Ол өз алдына бірыңғай сынып ұжымында білімі орта оқушыға ғана бейімделмей, әрбір оқушының жеке танымдық мүмкіндіктерін, қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескерумен жеке жұмыс жасауға бағытталған.

Қазіргі мектептегі білім беру процесін жетілдіру тек оқытылатын пәндердің мазмұнын өзгертуді ғана емес, сонымен қатар оқыту әдістеріне көзқарасты өзгертуді, оқыту әдістерін түрлерін көбейтуді, сабақ барысында білім алушылардың қызметін жандандыруды қамтиды. Білім алушының пассивті әсер ету объектісі болмауы өте маңызды. Сол себепті білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыру, дүниетанымын және жалпы мәдениетін кеңейту үшін сабақта қолданылатын оқытудың ең оңтайлы формаларын, әдістері мен тәсілдерін, технологияларды анықтау қажет.

Жаңартылған білім беру мазмұны педагогке де, білім алушыларға да оқу мақсатына жету үшін әдістер мен құралдарды таңдауға еркіндік беру негізінде білім беру процесінің барлық қатысушыларының әлеуетін танытуға бағытталған.

Жаңартылған білім беру мазмұнының педагогикалық тұғырлары кең ауқымды дағдыларды дарытуға бағытталған, бұл еліміздегі білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін де, ерекше қажеттіліктерін де ескеруге мүмкіндік береді.

Инклюзивті ортада балаларды оқытуды ұйымдастыру процесінде жалпы білім беруді дамытудың қазіргі кезеңінде екі аспектіні назарға алған жөн. Олардың біріншісі, ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес келетін, білім алуды жалғастыруға және мамандық иеленуге тең құқықтарға кепілдік беретін ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар (ақыл-ой кемістігі бар балаларды қоспағанда) білім алушылардың мектепте білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін базалық білім беру бірлігін сақтау талабымен байланысты. Екінші аспект, ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балалар (бұдан әрі – ЕБҚ) әлеуетінің мүмкіндіктерін дамыту үшін білім беру жағдайларының бейімделуінің өзектілігіне, олардың жеке-типологиялық ерекшеліктерін, сондай-ақ оларды оқыту мен тәрбиелеудің сапасына әсер ететін әлеуметтік-мәдени факторларды есепке алу қажеттілігіне негізделеді.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға білім берудің жалпы білім берумен мақсаты бір – әлеуметтендіру және өзін-өзі іске асыру, тез өзгертін әлемде өмір сүре білу, өмір бойы білім алу.

«Барлығына арналған білім» парадигмасының құрамдас бөлігі болып табылатын инклюзивті білім беру барлық балалардың жалпы білім беретін мектепке баруына және олардың зияткерлік немесе физикалық қабілетіне, мәдени, әлеуметтік, этникалық, нәсілдік, діни қатыстылығына қарамастан

құрдастарымен бірге оқытуға мүмкіндік теңдігін көздейтін тұғыр болып табылады.

Демек, инклюзивті білім беру барлық білім алушылардың білім алуының әртүрлі қажеттіліктерін адекватты түрде қанағаттандырудан тұратын білім беру ұйымының миссиясын кеңейтуді көздейді [1].

Жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін бейімді екенін атап өту қажет, оларға:

- пән мазмұнын жобалаудың күрделілік принципі, яғни білім мен біліктерді арттыруда оқу материалын тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейту (білімді тақырыптар бойынша және сыныптар бойынша күрделендіру);

- таным заңдылығы мен пәндік операциялардың неғұрлым маңызды түрлері бойынша ойлау дағдысының деңгейлік жіктелімдеріне негізделген Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттарының иерархиясы;

- білім беру деңгейлері және тұтас оқыту курсы бойынша педагогикалық мақсаттардың пәнішілік байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік беру;

- бір білім саласы пәндері арасында, сондай-ақ пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру барысында «ортақ тақырыптардың» болуы;

- бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұнының уақыт талабына сәйкес болуы, әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына назар аудару;

- оқу процесін ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлар түрінде технологияландыру болып табылады.

Оқытудың күтілетін нәтижелері оқытудың ұзақ мерзімді және орта мерзімді мақсаттары жүйесін құра отырып, әрбір бөлім бойынша нақты оқу пәнін оқыту мақсатында нақтыланады. Оқу бағдарламаларына қоса берілетін пәндер бойынша оқу жоспарлары ұсынымдық сипатта болады, демек, мұғалімнің алдында сыныптағы барлық білім алушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, оқу мақсаттарын іске асыру үшін барлық мүмкіндіктер бар екендігін көрсетеді [1].

Ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарлар арасында өте тығыз өзара байланыс бар, өйткені жоспарлаудың жалпы мақсаттары келесілерден тұрады [2, 12 б.]:

- жұмыс кезеңдерінің дәйекті, тізбектеліп ұйымдастырылуы;

- оқыту тәжірибесіне жеті модульді ықпалдастыру;

- әрбір сабақ үшін оқу мақсаттарын белгілеу;

- оқу нәтижелерін өлшеу әдістемесін анықтау;

- осы нәтижелерге қол жеткізу мақсатында жоспарланған оқыту мен оқу жаттығуларын көрсету;

- оқудың әрбір кезеңінің басынан бастап соңына дейін алға ілгерілеудің болуын қамтамасыз ету;

- барлық білім алушыларды қамтуға бағытталған стратегиялық жоспарлау.

Жаңартылған білім беру мазмұнының бағдарламаларының тағы бір артықшылығы «Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдемелері» бөлімін қосу болып табылады, онда мұғалімге оқу мақсаттарына табысты қол

жеткізу үшін түрлі әдістерді, технологиялар мен стратегияларды пайдалану бойынша ұсыныстар ұсынылады.

Олардың негізгілеріне тоқталайық:

1) стратегиялар: өзін-өзі басқару, эксперименттік, сыни, коммуникативтік, контекстік;

2) технологиялар: шағын топтарда (командада) жұмыс істеу, кейс-стади (нақты жағдайларды талдау), рөлдік және іскерлік ойындар, модульдік оқыту;

3) әдістер: проблемалық оқыту, жеке оқыту, пәнаралық оқыту, тәжірибе негізінде оқыту, жобалық әдіс.

Педагогке оқытуда педагогикалық міндеттерді шешуге, жетілдіруге, өзіндік, тұлғалық, кәсіби қасиеттеріне және ұмтылуға қажетті стереотиптерді жеңу болып табылады [2].

Жоспарлау – бұл нақты және шынайы мақсаттарды қою және мүмкіндіктерді (жеке, ол тәуелді адамдарға) және объективті жағдайларды ескере отырып, оны жүзеге асыру қадамдарын анықтау. Объективті жағдайлар немесе мүмкіндіктер өзгерген кезде жоспарды түзету жүргізіледі [3, 5 б.].

Сабақты жоспарлау мұғалімдердің: бірізді сабақтар сериясы «*Кім үшін жоспарланады?*», «*Неге үйрету қажет?*» және «*Бағалаудың қандай әдісін қолдану қажет?*» деген секілді сұрақтарды түсінуіне ықпал етеді. Сонымен қатар орта мерзімді жоспарларда оқытудың мақсаттары мен тәсілдемелерін тірек ете отырып, мұғалімдер үшін тақырыптар мен бөлімдер бойынша сабақтар өткізу, сабақтарда білім алушыларды ұйымдастыру бойынша ұсыныстар, сондай-ақ, білім алушылардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып толықтыруға болатын ресурстар (интернет, мәтіндер, жаттығулар, бейне және аудиоматериалдар және т.б.) беріледі.

Қысқа мерзімді жоспарлау орта мерзімді жоспарларда айқындалған мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті ресурстарды пайдаланудың нақты тәсілдерін қамтиды. Инклюзивті ортада қысқа мерзімді жоспарды немесе сабақ жоспарын мұғалім сынып білім алушыларының ерекше білім алу қажеттіліктерін және олардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, мектепті психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұсынымдары негізінде жасайды. Оқу жұмысын сауатты жоспарлаған кезінде ғана мұғалім оқу процесін дұрыс ұйымдастыра алады, өз уақытын ұтымды есептей алады, оқу бағдарламаларының талаптарын ескере отырып оқулықтарды, түрлі оқу және көрнекі құралдарды дұрыс пайдалана алады; бұл сыныптың барлық білім алушыларын білім беру процесіне барынша тартуға, өз жұмысының нәтижелерін болжауға және ескеруге мүмкіндік береді. Әрине, жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін білім алушылардың ата-аналарымен прогресін талқылау қажет [1]. Ең бастысы, мұғалімге оқыту бағдарламасын кез келген ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар, соның ішінде жоғары интеллектуалды білім алушылар өз әлеуетін тиісті деңгейде және толық көлемде жүзеге асыра алатындай етіп құру маңызды.

Интегративті негізде оқытудың негізгі мақсаты – қоршаған орта туралы тұтас түсінік беру – білім алушылардың ақыл-ой және басқа да белсенді түрлерін арттырумен байланысты. Интегралдау міндетін бірнеше оқу

пәндерінің органикалық нақты байланысы арқылы қарастыру қажет, бұл білім алушыларға бізді қоршаған әлемнің бірлігі туралы түсінік беруге мүмкіндік береді.

Қоғамдық-гуманитарлық білім беру пәндерінің мазмұны төменде көрсетілген қолданбалы білімдер негізінде тыныс-тіршіліктің әртүрлі салаларында стандартты өмірлік міндеттерді шешу қабілетімен сипатталатын функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға бағытталған:

- адамның барлық салаларда сауатты, білікті жұмыс істей білуі;

- адамның сыртқы ортамен қарым-қатынас жасауы және оған тез бейімделуі және жұмыс істеу қабілеті.

Жеке адамның оқу, түсіну, қарапайым қысқа мәтіндер құрастыру және қарапайым арифметикалық амалдарды орындау қабілеті ретіндегі қарапайым сауаттылыққа қарағанда айырмашылығы функционалдық сауаттылық – белгілі бір мәдени ортада жеке адамның өмірін жүзеге асыру үшін ең аз қажет деп саналатын әлеуметтік қатынастар жүйесінде жеке адамның қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін білімнің, дағдылардың деңгейі.

- оқырман сауаттылығы – жазбаша мәтіндерді түсіну және ұғыну, олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу, білім мен мүмкіндіктерді дамыту, қоғам өміріне белсенді қатысу үшін пайдалану қабілеті.

Оқырман сауаттылығының негізі мәтіндермен толық жұмыс істеу үшін қажетті оқырман біліктерінің қалыптасуы болып табылады. Бұл – білім алушының қажетті ақпаратты табу және ойнату, мәтіннің белгілі бір бөлігі бойынша қорытынды жасау, негізгі кейіпкерлердің әрекеттерін түсіндіру, мәтіннен мысалдармен растау және мәтін құрылымын бастапқы талдау.

Осылайша, сауаттылық – бұл білім алушылардың оқуды өз жоспарларын: білім алуды жалғастыру, еңбек қызметіне дайындық, еңбекке қатысу және қоғам өміріне қатысуды жүзеге асыру құралы ретінде меңгерудегі табыстылық екенін анықтауға болады [4].

Гуманитарлық пәндер орта білімнің маңызды бөлігі болып табылатын білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін келесі мүмкіндіктерді ұсынады:

1) тұлғаның білім беру дайындығы мен мәдени дамуының өзара байланысын қамтамасыз ету;

2) өзінің болашақ мамандығы үшін гуманитарлық пәндердің қолданбалы мәнін түсінуді және мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету;

3) білім алушылардың кәсіби біліктері қалыптасатын жалпылама (танымдық, жалпылама, ұйымдастырушылық біліктер) біліктерінің ең жоғары дәрежеде қалыптасуын қамтамасыз ету;

4) «өмір бойы білім беру» тұжырымдамасын іске асыруға ықпал ететін құзыреттілікті дамытуға бағдарлауды қамтамасыз ету.

Білім алушылардың әлеуметтік-тұлғалық құзыреттілігін қалыптастырудағы қоғамдық-гуманитарлық цикл пәндерінің мүмкіндіктерін талдау келесі ұстанымдарға жеткізуге болады:

- өзара әрекеттестікке, ынтымақтастыққа, қарым-қатынасқа ұмтылуды ынталандыратын маңызды жеке іс жүргізу сипаттамаларына ие болу (білім мен

біліктіліктің жан-жақты болуы, дербестік, шығармашылық әлеует, бірегейлік);

- мектептің білім беру процесі аясында гуманитарлық пәндерді оқыту осы процесс үшін ерекше қағидаттар негізінде жүзеге асырылатын стратегия ретінде ұсынылуы мүмкін.

Қазіргі түсінікте функционалдық сауаттылық білім берудің көп жоспарлы адами қызметпен байланысын (бірінші кезекте жалпы) біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарының тәсілі ретінде әрекет етеді. Функционалдық сауаттылықтың бұл ерекшелігі оның анықтауында тез өзгеретін қоғамда барлығына қажетті қолданбалы білім негізінде түрлі қызмет салаларында өмірлік міндеттерді шеше білу ретінде анық көрінеді.

Жалпы білім беретін мектептің инклюзивтік ортасы жағдайында ол әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметке дайындықтың, сондай-ақ өмір бойы өз бетінше білім алуға негіз болады, білім алушылардың қоршаған ортаға табысты бейімделуінің міндетті шарты болып табылады. Қазіргі жағдайда ол адамның өмір сүруінің кепілі және үздіксіз білім берудің атрибуты болып табылады. Функционалдық сауаттылық деңгейінде жастардың қолданбалы білім мен отбасының материалдық жағдайына, оның әлеуметтік мәртебесіне тәуелділігін сипаттайтын әлеуметтік аспектілер көрінеді [5].

Қазақстан Республикасының негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даярлық деңгейіне қойылатын мынадай талаптар көрсетілген:

Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі танытуына және кәсіптік бағдарлануына, сондай-ақ білім алушылардың бейіналды даярлығына бағытталады.

Білім алушылардың дайындық деңгейі бірнеше мәндес оқу пәндерін біріктіретін «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам», «Технология және өнер», «Дене шынықтыру» білім беру салаларының ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

Білім беру салалары (және оқу пәндері) бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер негізгі орта білім берудің базалық мазмұнын айқындау үшін негіз болып табылады.

Негізгі орта білім берудің оқу бағдарламаларында білім беру салалары (және оқу пәндері) бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер әрбір оқу пәнінің бөлімдері бойынша оқыту мақсаттарында нақтыланады.

Оқытудан күтілетін нәтижелер жүйесі білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушылардың жеке даму траекторияларын қалыптастыруға және олардың оқытудың ұзақ мерзімді мақсаттарына кезең-кезеңмен қол жеткізуге ілгерілеуіне мүмкіндік жасайды.

МЖМБС-да негізгі мектептегі қоғамдық-гуманитарлық білімнің мазмұны келесі оқу пәндері негізінде іске асырылады: қазақ тілінде оқытатын сыныптарға арналған «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», орыс тілінде оқытатын сыныптарға арналған «Орыс тілі», «Орыс әдебиеті»; қазақ тілінде оқытпайтын сыныптарға арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті», орыс тілінде оқытпайтын сыныптарға арналған «Орыс тілі мен әдебиеті»; «Шетел тілі»; «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері», «Өзін-өзі тану».

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны:

1) оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптар үшін «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» және оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптар үшін «Орыс тілі», «Орыс әдебиеті»;

2) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін «Қазақ тілі мен әдебиеті» және оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін «Орыс тілі мен әдебиеті»;

3) «Шетел тілі».

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны басқа тілдік және тілдік емес оқу пәндерімен пәнаралық байланысты пайдалануды; білім алушылардың ойдағыдай әлеуметтенуін; білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес тілдік дағдыларын дамытуды; қазіргі әлемде тілдерді оқытудың маңыздылығын түсінуді; рухани-адамгершілік құндылықтардың дамуын; көптілді және көпмәдениетті әлемнің тұтастығын түсінуді; қарым-қатынас процесінде тұлғаарлық және мәдениетаралық байланыстарды орнатуды; өзге елдердің мәдениетімен танысу арқылы әртүрлі көзқарастарды сыйлай білуге тәрбиелеуді; оқыту тілінде түрлі ақпарат көздерімен, оның ішінде интернет ресурстарымен өз бетінше жұмыс істей білуді; шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту және пайдалануды қамтамасыз етеді.

«Адам және қоғам» білім беру саласының оқу пәндерінің мазмұны «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Құқық негіздері», «Өзін-өзі тану» оқу пәндерінде іске асырылады.

«Адам және қоғам» білім беру саласының мазмұны білім алушыларда «Адам – Қоғам» жүйесі шеңберінде қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар бойынша білім негіздерін қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Оқу пәндерінің мазмұны білім алушыларда тарихи ойлау, өткен және қазіргі жағдайды, олардың өзара байланысын түсіну мен ұғыну, тарихи, құқықтық, экономикалық, саяси, әлеуметтік ақпарат көздері материалдары бойынша талдау мен негізделген қорытындылар жасау және соның негізінде ешкімге тәуелсіз тұжырым жасау, өзіндік сараланған шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыруға; патриотизм сезімін тәрбиелеуге, құқықтық сауаттылықты, демократиялық құқықтық қоғам идеалдары мен құндылықтарын түсінуді, әлеуметтік-мәдени байланыс жағдайында тиімді өзара қарым-қатынасты іске асыру және коммуникативтік құралдарды таңдау үшін белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға; жалпыадамзаттық, этномәдени құндылықтар жүйесіне, әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларға жеке қатынасын айқындай білуін дамытуға, адамгершілік таңдауды жүзеге асыру үшін қажетті

әлеуметтік құбылыстар мен оқиғаларды бақылау мен бағалауға бағытталады [6].

Осылайша, бүгінгі мектептің негізгі міндеті – баланың даралығын ашу, оған көмектесу, әлеуметтік әсерлерге тұрақтылық және таңдауын табу, тұрақтандыру, нығайту. Оқыту процесінде әр баланың даралығын ашу заманауи мектепте инклюзивті білім беруді құруды қамтамасыз етеді. Мұндай оқытудың мақсаты бірыңғай сынып ұжымында «орташаланған» білім алушыға емес, жеке-жеке танымдық мүмкіндіктерін, қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып, жеке-жеке жұмыс істеуге мүмкіндік беретін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жүйесін құру болып табылады.

Мұғалім сабаққа дайындалуда заманауи технологиялар мен әдістерді қолдану және сабақ берудің тәсілдемелерін өзгертуге ұмтылуда, білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін түсінуде диагностикадан т.б. бастауы маңызды.

Білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін зерттеу үшін жоғарыда сипатталған көптеген тәсілдемелер nao.kz сайтында әдістемелік ұсынымдарда ұсынылады.

Педагог балалардың білім беру қажеттіліктерін зерттеген және түсінген кезде оқытуды саралау, оқу бағдарламасының шеңберін кеңейту мүмкіндігі пайда болады, тіпті үлгермеген білім алушының беделі де көтеріледі. Сабақ түрлері мен оқыту әдістері әртүрлі болуы мүмкін және бұл нақты сабақтың мақсатына, тақырыптың ерекшелігіне байланысты, бірақ, ең бастысы, білім алушыларда қандай білім алу қажеттілігі бар екендігін білу шарт [7].

2 ИНКЛЮЗИЯ ЖАҒДАЙЫНДА 5-9-СЫНЫПТАРДЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ БАҒЫТЫНДАҒЫ ОҚУ ПӘНДЕРІНІҢ БЖБ ЖӘНЕ ТЖБ САРАЛАНҒАН ТАПСЫРМАЛАРЫН ДАЙЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

Инклюзивті білім беру ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру кеңістігіне енгізуді, оларды бірдей қызметке кірістіруді, оқытудың ұжымдық формаларын және жеке дара міндеттерді шешуді көздейді, сонымен қатар ұжымдық қатысудың стратегиясын, яғни ойын, бірлесіп жобаларды орындау, зертханалық, далалық зерттеулер жүргізуді т.б. талап етеді. Сонымен қатар педагог жұмысының ең негізгі бағыты әр баланың психикалық даму ерекшеліктері мен денсаулығын есепке ала отырып, жеке тіл табыса білу болып табылады.

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына сәйкес **жиынтық бағалау** – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі.

3-тарау. Жаңартылған орта білім мазмұны бойынша білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізудің тәртібіне сәйкес:

14. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер жүргізеді.

Жиынтық бағалау үшінші тоқсаннан бастап 1-сыныптарда, бірінші тоқсаннан бастап 2-11 (12) сыныптарда жүргізіледі.

14-1. Бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі – БЖБ) нәтижесі бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін балдар қойылады.

14.2. БЖБ үшін максималды балды, БЖБ өткізу нысаны (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, ауызша сұрау, эссе) мен сабағын және БЖБ орындау уақыты реттелмейді.

БЖБ үшін максималды балл 1-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11 (12) сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болуы керек.

14-3. БЖБ және тоқсандық жұмыс үшін жиынтық бағалауға (бұдан әрі – ТЖБ) қойылатын қорытынды балды қою кезінде қолмен жөнделген жер, сондай-ақ оқу тапсырмалары мен есептер шарттарын ресімдеу сапасы есептелмейді.

14-4. Аптасына 1 сағат оқу жүктемесі кезінде БЖБ қажет болған жағдайда бөлімдерді біріктіре отырып тоқсанына екі реттен артық жүргізілмейді, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылады.

14-5. БЖБ тоқсанына үш реттен артық өткізілмейді. Бөлімдер/ортақ тақырыптар тоқсанына төрт және одан да көп бөлімдерді/ортақ тақырыптарды оқып-зерделеген жағдайда тақырыптардың ерекшеліктерін және оқыту мақсаттарының санын ескере отырып біріктіріледі. Оны екі кезеңде өткізуге болады.

14-6. Оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық ТЖБ өткізуге болмайды. ТЖБ тоқсан аяқталатын соңғы күні өткізілмейді. Бір оқу пәні бойынша БЖБ мен ТЖБ бір күнде өткізілмейді.

14-7. Үйде оқитын білім алушыларды бағалау кезінде педагог үйде оқитын білім алушылардың оқу жүктемесін және олардың оқып-зерделеген оқу материалын ескере отырып, сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды әзірлейді.

14-8. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушыларды бағалау кезінде мұғалім сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды қолданады, сондай-ақ білім алушының ерекшеліктерін есепке ала отырып, оның ішінде жеке оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде бағалау критерийлеріне өзгерістер енгізеді.

14-9. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда тоқсанға бір БЖБ, тоқсанның соңында ТЖБ өткізіледі.

15-2. Қысқартылған оқу жүктемесі бар Үлгілік оқу жоспарларын таңдаған жағдайда БЖБ саны 14-4-тармаққа сәйкес жүргізіледі.

16. Жиынтық бағалау тапсырмалары білім алушылармен орындалады және «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) оқу бағдарламасына сәйкес олар өткен материалдарды қамтиды.

17. Формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын педагог өзі дайындайды.

18. Тілдік пәндерден жиынтық бағалау сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша жүргізіледі (тыңдалым (тыңдау), айтылым, оқылым, жазылым). Тыңдалым (тыңдау) және айтылым дағдыларын бағалау жиынтық бағалауды өткізу жоспарланған аптаның ішінде сабақтың барысында жүргізіледі.

19. Білім алушылардың тоқсандағы оқу жетістіктерінің нәтижелері бойынша жазбаша түрде өткізілетін жиынтық бағалауда объективтілік және ашықтықты қамтамасыз ету үшін модерация жүргізіледі.

Модерация қорытындысы бойынша білім алушылардың өзгертуге жататын жиынтық жұмыстарының тоқсандық балы қайта тексеріледі. Модерация қорытындысы бойынша қойылатын жиынтық жұмыс балы жоғарылатылып, сол сияқты төмендетіліп те қойылады.

20. Білім алушылар (денсаулық жағдайына байланысты, жақын туыстарының қайтыс болуы, қолайсыз метеожағдайларға байланысты,

барлық деңгейдегі жарыстарға, конференцияларға, олимпиадаларға және ғылыми жобалар конкурстарына қатысу) болмаған жағдайда жиынтық бағалауды жеке кесте бойынша тапсырады.

20-1. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда БЖБ мен ТЖБ қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып ұйымдастырылады.

21. Бөлім (ортақ тақырып) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысы болмаған жағдайда білім алушы уақытша аттестаттаудан өтпеген болып есептеледі.

22. Ағымдағы жылғы білім алушылардың жиынтық жұмыстары мектепте күнтізбелік бір оқу жылы сақталады.

23. Білім алушылардың жиынтық бағалау нәтижелері балл түрінде (қағаз/электрондық) журналға қойылады және осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес балды бағаға ауыстыру шәкілі бойынша тоқсандық және жылдық бағаға ауыстырылады.

24. Жиынтық бағалау қорытындысы бойынша ақпарат білім алушыларға және ата-аналарға немесе баланың заңды өкілдеріне қағаз түрінде немесе электронды нұсқада беріледі.

25. Тоқсандық баға бөлім (ортақ тақырып) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысының негізінде 50%-да 50% пайыздық арақатынаста қойылады.

27. 2-11 (12) сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары жақын бүтіндікке дөңгелектеу арқылы тоқсандық бағалар жиынтығының орташа арифметикалық мәні ретінде қойылады және қорытынды баға болып табылады.

Оқу жылының қорытындысы бойынша аралық аттестаттау жүргізілмейді.

28. Бір немесе екі пәннен «2» бағасын алған 2-8 (9) және 10 (11) сынып білім алушылары үшін мектеп жасаған кестеге сәйкес жүргізілетін оқу жылындағы материал мазмұнын қамтитын жиынтық бағалау оқу жылына ұйымдастырылады.

Қорытынды баға жақын бүтіндікке дөңгелектеу арқылы жылдық баға мен қосымша жиынтық бағаның орташа арифметикалық мәні арқалы қойылады.

Үш немесе одан да көп пәннен «2» бағасын алған 2-8 (9) және 10 (11) сынып білім алушылары қайта оқуға орнында қалдырылады.

«3», «4», «5» бағаларын алған 2-8 (9) және 10 (11) сынып білім алушылары келесі сыныпқа көшіріледі.

29. Бір немесе екі оқу пәнінен қайта «2» бағасын алған 2-8 (9) және 10 (11) сыныптардың білім алушылары, осы пәндерден қосымша жиынтық бағалаудан өткізіледі.

Қорытынды баға жақын бүтіндікке дөңгелектеу арқылы жылдық баға мен қосымша жиынтық бағаның орташа арифметикалық мәні арқалы қойылады.

Қосымша жиынтық бағалау жаңа оқу жылының басына дейін өткізіледі.

Қосымша жиынтық бағалаудан «2» деген баға алған жағдайда, білім алушы сол сыныпта оқуға орнында қалдырылады.

30. Тоқсандық, жылдық және қорытынды бағаларды қайта қарауға рұқсат берілмейді.

31. Оқушылар бір мектептен екінші мектепке ауысқан кезде, оқу жылы көлеміндегі оның жиынтық бағалау нәтижесі (бөлім (ортақ тақырыптар) және тоқсан үшін жиынтық бағалаудың максималды балы және білім алушының қорытынды балдары) электронды (қағаз) журналдан жазба арқылы ресімделіп, директор және мектеп мөрімен расталып, оқушының жеке іс қағазымен беріледі [8].

Инклюзивті білім беру жағдайында педагогтердің кәсіби дамуы тұлғалық талаптарды қалыптастыруды және оны ұйымдастырудың әлеуметтік маңыздылығын көздейтін педагогикалық құндылықтарға негізделуі тиіс, бұл инклюзивті білім берумен байланысты іс-әрекетті жүзеге асыруға педагогтердің жеке-кәсіби дамуы мен мотивациялық-құндылық дайындығының көрсеткішін көрсетеді [9].

Қазақстанның білім беру жүйесі жоғары білікті, бәсекеге қабілетті, позитивті, коммуникативті, логикалық ойлау қабілетіне ие шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға, рухани байлықты, моральдық әдептілік пен толеранттылықты үйлестіруге бағытталған. Қоғамдық қатынастарды гуманизациялау өз кезегінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларының (ЕБҚ) жоғары сапалы білім алу құқығын қабылдау мен жүзеге асырусыз мүмкін еместігін көрсетеді [10].

Кеңейтілген білім беру кеңістігінде ЕБҚ бар бала – дамушы тұлға ретінде білім алу құқығын жүзеге асыруды қамтамасыз етуде білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың маңызды міндеттерінің бірі ретінде қарастырылады. Бұл ретте білім берудегі теңдік идеяларының қалыптасуы мен дамуындағы маңызды орын стратегиялық сипатқа ие білім берудің барлық жүйесін қозғайтын инклюзивті білім берудің қалыптасқан жүйесі болып табылады, сондай-ақ білім беру идеологиясының ізгілендіру жағына қарай өзгеруін болжайды [9].

«Инклюзия» ұғымының таралуы қоғамдық сананы демократияландыру процестерімен, әрбір адамның лайықты өмірі мен білім алу құқығын халықаралық деңгейде дамуымен байланысты.

Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды емес, қоғам мен оған деген қарым-қатынасын өзгерту қажеттілігі – инклюзивті білім беру моделінің әлеуметтік тұғырнамасы негізінде құрылады. Инклюзия барлық балалар үшін барынша дамыған, гуманистік және тиімді жүйе болып танылады. Ол әрбір адамға, оның дәстүрлі мектеп жүйесінің өлшемдеріне сәйкес келу дәрежесіне қарамастан білім алуға құқық береді. Олардың әрқайсысының даралығын құрметтеу және қабылдау арқылы жеке тұлға қалыптастырады. Сонымен қатар балалар ұжымда бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасауға, педагогпен бірге білім беру мәселелерін шығармашылықпен шешуге үйренеді.

Инклюзивті білім беру барлық балалардың жеке мүмкіндіктерін кеңейтеді, адамгершілікті, толеранттылықты дамытуға, құрдастарына көмектесуге дайын болуға көмектеседі.

Деректерді талдау негізінде келесі қорытындылар жасалды. Педагогтердің білім деңгейі арасында білім алушының ЕБҚ және мүгедектігі бар білім алушылардың даму ерекшеліктері мен олармен өзара қарым-қатынас кезінде эмоциялық қиындықтар деңгейі туралы тікелей байланыс байқалады. Ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар балалар туралы педагогтердің білім деңгейі жоғары болған сайын, олармен қарым-қатынас кезінде эмоциялық қиындықтар деңгейі соғұрлым аз болады. Осындай байланыс педагогтердің ЕБҚ бар балаларды сабақта өзара оқу іс-әрекетке қосуға дайындығына қатысты байқалады. Аталған оқу құралы «барлығына арналған білім» қағидатын іске асыруда қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқытатын мұғалімдерге теориялық материалдар мен еліміздің педагогтерінің практикалық тәжірибесінің мысалдарын ұсыну негізінде әдістемелік қолдау көрсетуге арналған.

Инклюзивті білім беру жүйесіндегі маңызды компонент мұғалім болып табылады, өйткені оның жауапкершілігінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушының белгіленген оқу траекториясын қадағалауы болады. Бұл траекторияны мұғалім оқыту процесінде білім алушыда пайда болатын жетістіктерден немесе қиындықтардан ынталандырып түзете алады. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар баланы оқыту процесін жүзеге асыру үшін оқушы мен оқытушы арасындағы қарым-қатынас жайлы, оң көңіл күй және сенімді болуы тиіс. Бұл кезде мұғалім рөлінің маңыздылығын көруге болады [9].

Позитивті психо-әлеуметтік мектеп ортасы қатысушылардың мінез-құлқына, олардың психикалық денсаулығы мен эмоционалдық жағдайына, сондай-ақ оқыту нәтижелеріне әсер етеді. Психологиялық қолайлы орта мейіріммен қарау, қолайлы атмосфераны құру, білім беру процесінің әрбір қатысушысы үшін тең мүмкіндіктер беру, мектепте зорлық-зомбылықтың, қорлаудың кез келген түріне тыйым салу арқылы құрылуы мүмкін.

Л.С. Выготский дамуында қиындықтары бар баланы тәрбиелеудің міндеттері ретінде олардың өмірге кірігуі мен қиындықтарды қандай да бір жолмен шешуді жүзеге асыру болып табылады деп санады. Сонымен қатар өтемақыны биологиялық емес, әлеуметтік аспектіде қарастырып, дамуында қиындықтары бар балалармен жұмыс жасау кезінде педагогке биологиялық фактілермен ғана емес, олардың әлеуметтік салдарымен де байланысты екендігіне тоқталып, барынша бағдар беру арнайы білім беруді қайта қараудың бастапқы нүктесі болуы керектігін Л.С. Выготский қалыпты дамып келе жатқан балалармен бірлесуді ұсынады. Қажеттілікті жоққа шығармай, арнайы білім мен оқытуды жалпы тәрбие мен оқытуға бағдарлау керектігін зерделейді [11].

Әртүрлі балалар білімді, іскерлікті және дағдыларды түрлі меңгереді. Бұл айырмашылықтар әрбір баланың өзіне тән сыртқы, ішкі де даму жағдайларына байланысты жеке ерекшеліктеріне ие болуына байланысты.

Балалардың психофизиологиялық ерекшеліктері, олардың ақыл-ой қабілеттерінің әртүрлі деңгейлері әр баланың немесе балалар тобының оқытудың түрлі жағдайларын тиімді оқытуды қамтамасыз ету үшін заңды түрде талап етеді. Мектеп жағдайында оқытуды дараландыру және саралау кезінде жүзеге асуы мүмкін.

«Дифференциация» ұғымының заманауи анықтамасы – жеке оқыту үшін қандай да бір ерекшеліктер негізінде балалар топтасқан формадағы балалардың жеке ерекшеліктерін есепке алу.

Оқытудың дәстүрлі жүйесіндегі дифференциалды тәсілдеме жеке, топтық және фронталды жұмыстармен ұштастыра отырып ұйымдастырылады [12]. Бұл тәсілдемені оқытудың барлық кезеңдерінде қажет етеді.

Ерекше қажеттіліктері бар балалармен жүргізілетін сабақтардың ажырамас бөлігі – білім беру іс-әрекетінің шарттарын оңтайландыру. ЕБҚ бар балалармен оқу сабақтарын өткізу кезінде келесі ережелерді ұстану қажет:

- сабақтарда балалардың әрқайсысына жеке тәсілдемені жүзеге асыру;

- әртүрлі құралдарды (зияткерлік және практикалық (ойын) іс-әрекеттерді кезектестіру, материалды шағын мөлшермен жеткізу, сәйкестелген көмек көрсету, қызықты дидактикалық материал және т.б. қолдану арқылы шаршаудың алдын алу);

- оқыту барысында балалардың танымдық іс-әрекетін барынша жандандыруға, олардың тілін дамытуға және қажетті оқу дағдыларын қалыптастыруға болатын әдістерді қолдану қажет;

- оқу процесінде балаларды оқу бағдарламаларының әртүрлі бөлімдерін меңгеруге, сондай-ақ олардың қоршаған орта туралы білімдерін байытуға дайындауды қамтамасыз ететін сабақтар өткізуді қарастыру қажет;

- ЕБҚ бар балалармен жұмыс кезінде педагог ерекше такт көрсетуі тиіс. Тұрақты балалардың жеткен жетістіктеріне аңғарғыштық білдіру және ынталандыру, әрбір баланы дамытуда уақыттылық және сыпайы көмектесу, оған деген өз күші мен мүмкіндіктері бар екендігін сезіндіру өте маңызды болып саналады.

Осылайша, қоғамның кепілдіктерді анықтау және барлық балалардың қабілетін барынша дамыту үшін оңтайлы жағдай жасауға қызығушылығы оқытуды дифференциалдық қажеттігіне алып келеді [13].

Сараланған тәсіл оқу бағдарламаларының мазмұнын нақты оқушылардың мүмкіндіктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді, әр білім алушының «жақын даму аймағына» педагогикалық технологияны дамытуға көмектеседі, бұл өз кезегінде әр білім алушының жеке басының дамуына, оқытудың жағымды уәжін қалыптастыруға және өзін-өзі бағалаудың барабарлығына қолайлы жағдай жасайды.

Оқу материалының мазмұнын саралау қиындық деңгейіне сәйкес жүзеге асырылады.

Оқу жұмысын саралау әдістері мыналарды қамтиды:

- оқу тапсырмаларының мазмұнын саралау (шығармашылық деңгейі бойынша, қиындық деңгейі бойынша, көлемі бойынша);

- балалардың іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі тәсілдерін қолдану, бұл ретте тапсырмалардың мазмұны бірыңғай болып табылады, ал жұмыс сараланады (дербестік дәрежесі бойынша, білім алушыларға көрсетілетін көмектің дәрежесі мен сипаты бойынша, оқу іс-әрекетінің сипаты бойынша).

Оқу іс-әрекетіне мотивацияны қалай арттыруға болады? Ол үшін келесі әрекеттерді орындау қажет:

- оқытудың «айналып өту жолдарын» іске асыруды қамтамасыз ететін оқытудың жеке әдістерін, тәсілдерін және құралдарын (оның ішінде мамандандырылған компьютерлік технологиялар) пайдалану;

- оқытуды қалыпты дамып келе жатқан балаға қажет етілетін шамадан тыс дараландыру;

- білім беру ортасының ерекше кеңістік және уақыт бойынша ұйымдастыруды қамтамасыз ету;

- білім беру кеңістігін білім беру ұйымынан тыс жерлерге барынша жылжыту.

Оқу процесін ұйымдастыру мәселелерімен қатар келесі міндеттерді шешу қажет:

- білім алушының өзін-өзі бағалауын арттыру;

- білім алушының жалпы әлем туралы түсініктерін кеңейту;

- оқу қызметіне деген оң көзқарасты күшейту.

ЕБҚ бар балалармен жұмыс жасауда оқытудың көп деңгейлі саралануы қажет. Ол оқу процесінің әртүрлі кезеңдерінде кеңінен қолданылады:

- жаңа материалды зерттеу;

- сараланған үй жұмысы;

- сабақта білімді есепке алу;

- қалыптастырушы бағалау;

- бөлім және тоқсан үшін жиынтық бағалау;

- қателіктер бойынша жұмысты ұйымдастыру;

- бекіту сабақтары.

Білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескеру қажет. Тапсырмалар білім алушы жасаған ақыл-ой әрекеттері материалдың сипатына сәйкес келетіндей және олардың орындалуы әртүрлі танымдық іс-әрекеттерді, әсіресе ақыл-ой әрекеттерін қалыптастыруға ықпал ететіндей жасалады.

Оқытуды саралау – әртүрлі қабілеттері бар балаларды бір сыныпта оқыту технологиясы, білім алушының жеке тұлға ретінде дамуына қолайлы жағдай жасау.

Топтарға бөлу кезінде педагогикалық әдептілікті сақтау маңызды. Сараланған тапсырмалармен жұмыс істеу кезінде өзекті және жақын даму аймағын ескеру қажет. Ол үшін әр тақырыпты зерттегеннен кейін және тақырыпты зерттеу барысында жұмыс нәтижелеріне, диагностикаға үнемі бақылау жүргізу маңызды. Сараланған тапсырмалардың түрлері бағдарламаның оқу мақсатына байланысты. Егер мұғалімді балалардың дамуы, әр білім алушыны оқытудағы жетістік мазалайтын болса, онда ол міндетті түрде оқытуда жеке және сараланған тәсілді жүзеге асыратын болады.

Жоғарыда аталған қағидаттарды инклюзивті білім беру жағдайында қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша БЖБ және ТЖБ сараланған тапсырмаларын дайындау кезінде сақтау қажет.

Есту қабілеті нашар білім алушыға тек есту қабілетіне сүйенбейтіндей ақпарат қажет болады; зерттелетін материалды түсіну үшін дыбысты күшейту қажет болуы мүмкін.

Аутист білім алушыға күн ішінде іске асырылатын оқу шаралары нақты көрсетілген суреттер кестесі қажет болуы мүмкін.

Физиологиялық бұзушылықтары бар білім алушыға манипуляциялық мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үшін оқу материалдарын бейімдеу қажет болуы мүмкін.

Білім алушылардың белгілі бір сабақ басталған уақытта білімдерінің деңгейі әртүрлі болуы мүмкін.

Барлық білім алушылар есту, көру және ұстау құралдарын қолдана отырып, оқу тәсілдерін қажет ететін оқу артықшылықтарына ие.

Кейбір білім алушылардың тілдік ерекшеліктері болады, олар сыныпта рецептивті және экспрессивті тілді қолдана отырып, олардың күшті және әлсіз жақтарын ескеретін оқытуды қажет етеді.

Қысқа мерзімді жоспарды әзірлеу кезінде мұғалім барлық білім алушыларды проактивті тәсілмен оқытуда олардың әртүрлі қажеттіліктері мен артықшылықтарын ескеруі тиіс. Мұғалім материалдардың көп варианттылығын және икемді нұсқаларын қамтамасыз етсе, сондай-ақ оқу материалдарын таңдау мүмкіндігі берілсе, сыныптағы барлық білім алушылар тиімді білім алады. Барлық білім алушылардың оқытудағы қажеттіліктерін ескеру оқу кедергілерін едәуір азайтады және әр білім алушының оқуға қолжетімділігіне және дағдылар мен білімді сәтті игеруіне мүмкіндік береді.

Білім алушылардың өз білімдерін білдіру мүмкіндігі мұғалімдердің олардың мазмұнды қаншалықты жақсы түсінетінін, оқу мақсаттарын қаншалықты жақсы меңгеретінін бақылау үшін маңызды. Кейбір білім алушылар қолдау маңызды. Білім алушыларға ауызша және жазбаша сөйлеу, суреттер, ым-ишаралар немесе заттарды пайдалану негізінде қарым-қатынас жасап, оқу процесіне қатысуға болады.

Білім алушыларға білім алуға және ақпаратты басқаруға қолдауды модельдеу, үлгілер, нақты нұсқаулар, жеке құрылғылар, қолжетімді ресурстарды немесе Ғаламтор көздері арқылы алынған ресурстарды пайдалану арқылы қамтамасыз етуге болады.

Төмендегі кестеде (Кесте 1) Қазақстандағы БҰҰ-ның балалар қоры (ЮНИСЕФ) брошюрасынан өз білімдерін көрсетудің кейбір әдістерінің мысалдары келтірілген [14].

Кесте 1. Білім алушының білімін көрсетудің кейбір әдістері

Оқу стилі немесе оқудағы қиындықтар	Мұғалімнің стратегиясы
--------------------------------------------	-------------------------------

Кесте 1 – жалғасы

Өз ойын жазып білдіруді жөн көретін білім алушылар (оның ішінде сөйлеу процесінде қиналатын білім алушылар)	Журнал жүргізу, бос орындарды толтыру тапсырмалары, сондай-ақ эссе, әңгімелер немесе өлеңдер жазу мүмкіндігі
Өз ойын ауызша білдіруді жөн көретін білім алушылар (оның ішінде жазу процесінде қиналатын білім алушылар)	Сыныпта талқылау мүмкіндігі немесе сұрақтар бойынша «есеп беру» мүмкіндігі
Сурет, мүсін немесе диаграмма көмегімен өз ойын жақсырақ білдіретін білім алушылар (оның ішінде сөйлеу және жазу процесінде қиналатын білім алушылар)	Өз білімдерін визуалды және көркем форматтар аясында таныту мүмкіндігі
Кинестетиктер немесе белсенді балалар	Білімін көрсету, модельдерді құру, жобаларды аяқтау үшін театрландыруды, қимылдарды немесе музыканы пайдалану мүмкіндігі
Сұрақтарға жауап бермес бұрын ойлануға уақыт қажет ететін білім алушылар (соның ішінде мектептегі оқу тілін жаңадан меңгеріп жатқан білім алушылар)	Білім алушыларға мұғаліммен және сыныптастарымен бөліспес бұрын жауаптарды құруға уақыт беру
Кешенді дене бұзылыстары бар білім алушылар	Дұрыс ақпаратты қабылдау, жазуға көмектесу үшін көмекшіні пайдалану
Оқуда және оқу процесін ұйымдастыруда қиналатын білім алушылар	Органайзерлерді қолдану, қатарластардың қолдауы, жазу кезінде «сөйлемдердің басының болуы», тапсырмалар банкі, суреттер, тапсырмалар тізімі, тапсырмалардың қорытынды тізімі

Мұғалім оқу және тыңдау бойынша сабақтар қатарын әзірлейтін жағдайды елестетіп көріңіз. Оқытудың маңызды мақсаттарының бірі білім алушыларда оны оқығаннан немесе тыңдағаннан кейін әңгіме мазмұнын дұрыс дәйектілікпен баяндау білігін қалыптастыруға бағытталатын болады. Қайталанудың негізгі дағдысын қалыптастырумен қатар, мұғалім білім алушыларға мазмұнның реттілігін құру үшін қолданылатын нақты сөздер бар екенін түсінгендерін қалайды. Ол сыныптағы қарым-қатынас тілімен таныс емес кейбір білім алушыларға бірізділікті білдіретін негізгі сөздерден бастау керек екенін біледі. Мұғалім оқуда қиындықтары бар бірнеше білім алушы әлі де бірізділікті білдіретін сөздерді айта алмайтындығын түсінеді, осылайша ол сөздерді плакаттарға және жеке карточкаларға баспа әріптерімен жазады, осылайша білім алушылар сөздермен танысуды бастайды.

Сабақ жоспарлары білім алушыларды оқиғаның негізгі тізбегін қалай құру керектігін түсінуге және бірізділікті білдіретін тиісті сөздерді қолдана отырып, оқиғаларды қайталауға итермелейтін әртүрлі тәсілдерді қамтиды.

Мұғалімге ЕБҚ бар кейбір білім алушылардың міндеттерді шешу үшін, қолдануға болатын ресурстарды қалай қолдану үшін көмек қажет екендігі белгілі. Ол әртүрлі іс-шараларға арналған тапсырмалар тізімін, суреттерді, сөздер жазылған плакаттарды ұсынуды жоспарлайды.

Білім алушылардың мектепке келгендегі білім алу мотивациясы әртүрлі болады. Кейбір білім алушылар ішкі факторлардан мотивация алады. Кейбір білім алушылар сыртқы факторлардан мотивация алады. Кейбір білім алушылар ішкі және сыртқы факторлардан қатар мотивация алады. Білім алушылардың әртүрлі мақсаттары болуы мүмкін: білім алу немесе жақсы болашаққа ұмтылу. Кейбір білім алушылар үшін білім өзін-өзі растау үшін қажет, ал басқалары үшін бұл – олардың отбасыларының әл-ауқатына ықпал ететін құрал. Кейбіреулер оқудан ләззат алады. Бірақ мектепте білім алуда қиналатын білім алушылар да бар. Бұл білім алушылар үшін білім олардың отбасыларына күнделікті өмірде көмек секілді маңызды болып көрінбеуі мүмкін. Кейбір білім алушылар оқытылатын нәрсенің маңыздылығын түсінуде қиындықтарға тап болуы мүмкін және оқу бағдарламасы мәнін табуға тырысуы мүмкін.

Қазақстандағы БҰҰ-ның балалар қоры (ЮНИСЕФ) брошюрасынан оқуға деген қызығушылықты арттырудың әртүрлі тәсілдеріне шолу берілген [14].

Кесте 2. Оқуға қызығушылықтары арттыру стратегиялары

Оқытудағы қиындықтар	Мұғалімнің стратегиясы
Білім алушылар сабақ тақырыбына қызығушылық танытпайды	Тақырып пен білім алушы өмірі арасында тиісті байланыс орнатыңыз, білім алушыларға тақырыпты немесе дағдыларды практикалық қолдануды көрсетіңіз, білім алушылардың қызығушылығына байланысты мысалдарды қолданыңыз
Білім алушылардың оқу қызметіне қатысуға мотивациялары жоқ	Сыныпта жұмыс түрін таңдау үшін жағдай жасау, өзара оқыту мүмкіндіктерін кеңейту, оқу міндеттерін тиісті қиындық деңгейінде қамтамасыз ету
Білім алушылар сынып жұмысына қатысқысы келмейді	Сабаққа қатысу нұсқаларын ұсыну, сабаққа қатысуын күтуге қатысты сабырлық таныту, қатарластары немесе шағын топтар арасында қатысуды ынталандыру

Бағалауды «көптеген құралдар» көмегімен ұсынуға болады. Бағалаудағы ең маңызды фактор – тексеру қажет нәрсе өзгермейді. Егер құрылым нақты анықталған болса, ЕБҚ бар балалар үшін қолжетімді болатын бағалауды

ұйымдастыруға болады. «Көптеген құралдар (әдістер)» философиясы құрылғылардың төрт түрінде қабылданады.

1. Презентациядағы құрылғылар. Мұндай жағдайларда ЕБҚ бар балалар төмендегілер негізінде бағалауға қол жеткізе алады:

- тест тапсырмаларын дауыстап оқу (жазылған дауыс немесе оқырманның дауысы);

- үлкен шрифтпен басылған тест тапсырмалары;
- үлкейткіш құрылғымен (яғни үлкейткіш әйнекпен);
- тест сұрақтарын ымдау тілі арқылы басқару;
- Брайль жүйесі бойынша жасалған тесттер;

- тактильді графика (3-D диаграммалар, сондықтан ЕБҚ бар балалар оларды сезіне алады);

- манипуляциялық объектілер (форма блоктары, нақты монеталар, шоттар);

- тыңдауды жеңілдету үшін дыбысты күшейту (динамиктердің есту аппараттары);

- экраннан мәтінді оқуға арналған компьютерленген құрылғылар.

2. Жауап беруге арналған құрылғылар.

- сұрақтарға жауап жазу үшін компьютерді немесе көмекшіні пайдалану

- сұрақтарға жауап беруді қолдау үшін көмекші технологияларды (көрсеткіш белгілері, компьютерлер және т.б.) пайдалану;

- Брайль қарпімен жазу құралдарын пайдалану;

- жеке кітапта емес, брошюраның мәтінде тікелей жауап беру;

- конструкторға кедергі келтірмейінше ұйымдастырушылық құрылғыларды (калькуляторлар, ұйымдастырушылар, емлені тексеру құралдары, сөздіктер) пайдалану.

3. Ортаға арналған құрылғылар:

- алаңдаушылықты азайту үшін тетті бөлек жерде өткізу;

- шағын топта тестілеу;

- ішкі жарықтандыруды реттеу (балалар үшін көбірек немесе аз жарық);

- шу буферлерімен қамтамасыз ету (құлаққаптар, телефон құлаққаптары).

4. Өткізу уақытына қатысты құрылғылар:

- тестті орындау үшін ұзартылған уақыт;

- ішінара немесе жиі үзілістер;

- сынақ тәртібін өзгерту (мысалы, басында мазасыздықты бәсеңдету үшін жеңіл пәндер);

- бір күнде емес, бірнеше күн бойы тестілеу [14].

Қазіргі уақытта кейбір мұғалімдер практикалық тұрғыдан саралау деген не және оны қандай білім алушылар қажет ететінін түсінбейді.

Кейбір мұғалімдер саралау тек қабілеттер ауқымының шектері бар білім алушыларға қолданылады деп санайды, мысалы, дарынды білім алушыларға қатысты мүмкіндіктерді байытуды, жеделдетуді және кеңейтуді қамтамасыз ету немесе ақыл-есі кем білім алушыларға немесе сенсорлық бұзылыстары бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламасы өзгертілген жеке оқу жоспарын құру. Кейбір мұғалімдерді «әр білім алушы үшін жеке оқу бағдарламасын

жоспарлау және жүзеге асыру керек пе?» деген сұрақ мазалайды. Әр сабақ «жекелендірілген» болуы керек пе?

Бұл сұрақтарға берілетін жауап – жоқ, мұндайда ескеретін жайт: саралау оқу бағдарламасының әр тақырыбы әр білім алушыға бейімделген мазмұн арқылы ұсынылуы керек дегенді білдірмейді.

Білім алу процесіне шынайы қосылу барлық білім алушыларды бірдей оқу бағдарламасына қосуды, сондай-ақ олардың бір сыныпқа физикалық қосылуын білдіруі керек. Инклюзивті ортаны саралау білім алушыларға арналған көптеген жеке бағдарламаларды құру емес, жалпы оқу бағдарламасын орындау үшін қосымша қолдау көрсету болуы керек [15].

Соңғы жылдары ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған көптеген инновациялар пайда болды.

Мұғалім өз білімімен бөлісетін әмбебап тәсілдемені пайдалану орнына мектептер білім алушылардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған сараланған оқытуға бағдарлана бастады. Мысалы, британдық ғалымдар ЕБҚ бар балаларды оқыту кезінде саралау мәселесін шешуге қатысты келесі ұсыныстарды ұсынады.

1. Тұрақты деструктивті мінез-құлық

Егер жұмыс тым күрделі немесе тым егжей-тегжейлі болса, кейбір білім алушылар қауіпті сезінуі немесе ашулануы мүмкін, өйткені бұл олардың мүмкіндіктерінен асып түседі. Егер олар тапсырманы тым көлемді деп санаса, жұмыс «қызықсыз» болса және кез-келген күш-жігер «уақытты ысырап ететін болса», олар басқа жолмен назар аударуға кедергі келтіруі мүмкін. Білім алушы не себепті осылай әрекет ететіні жөнінде, оның файлдарын тексеріп, содан кейін оны сабаққа қалай тарту керектігі жөнінде ойланыңыз.

Мысалы, С. есімді білім алушы – өте сүйкімді және сыпайы, бірақ ұрысуға бейім. Жағдай ол қалағандай орын алмаған жағдайда С. сыныптан шығып кетіп, мектеп қызметкерлерімен сөзге келетін болған. Ата-анасы балаларының осы секілді мінез-құлқына жауап таба алмады. Нәтижесінде маман С. жағдайын бақылады. Кейіннен білім алушының есте сақтауда проблемалары бары анықталды. Ол көлемді ақпаратты есте сақтай алмайды және сыныпқа әр кірген сайын игерілген білімді есте сақтау қажет болған жағдайда өзінің шарасыздығынан оның сабаққа деген қызығушылығы жоғалатын болған. Нәтижесінде өзін нашар ұстап, мінез көрсететін болған. Жеке саралап оқытудан соң білім алушыда прогресс байқала бастады. Нәтижесінде білім алушы мектепте қорытынды емтихандарды жақсы тапсырып, оқуға түседі.

Осы секілді білім алушыларды оқытуда мұғалімге берілетін ұсынымдар:

- тақырыптық лексика үшін құрастырмалы көрнекі сөздікті қолданыңыз;
- артық мазмұнға назар аудармай, жұмысты кішігірім бөліктерге бөліңіз;
- жазбаша мәтінді қолдау үшін көрнекі кеңестерді қолданыңыз;
- нұсқауларды жазу үшін сабақ мәзірін пайдаланыңыз;
- әр тармақты оның барысын анықтай алатындай етіп белгілеңіз.

2. Шоғырланудың немесе назардың болмауы.

Кейбір білім алушылардың ерекше қажеттіліктері оларға ұзақ уақыт бойы сыныпта шоғырлануға мүмкіндік бермейді. Олар сабаққа белсене қатыса алады, оқуға ынталы болуы мүмкін, бірақ толыққанды сабаққа концентрациялану қиынға соғады.

Мысалға Л. есімді білім алушыны алайық: ол өте сабырлы болғанымен, сабаққа 100 пайыз ден қойып, үй тапсырмасын уақытылы орындамайтыны байқалады. Кейде мектепке келмейді, ал ата-анасы мұның себебін түсіндіре алмайды. Мектеп білім алушының ата-анасының рұқсатымен оны педагог-психологқа жібереді. Педагог-психолог балада назар жетіспеушілігі және гиперактивтіліктің бұзылуы синдромын байқайды. Бұл білім алушыда тапсырма берген уақытта көңіл күйінің түсіп кетіп, концентрация жоғалуына себеп болатын болған. Деструктивті мінез-құлық деп саналғаны оның сабақты игере алмауына байланысты көңіл күйінің түсуімен түсінілуі тиіс еді. Педагог-психологтің кеңесі негізінде дұрыс стратегиялармен Л. білім алуда оң нәтиже көрсете бастады.

Осы секілді білім алушыларды оқытуда мұғалімге берілетін ұсынымдар:

- сынып жұмысын бірнеше бөліктерге бөліп, әр кезде тек біреуін ғана орындату;
- үзілісті тыныштандырғыш ретінде қолданыңыз;
- тапсырмаға қатысуға ықпал ету үшін нақты жоспарланған мақсаттарды қолданыңыз. Сондай-ақ оларды оқушылардың үлгерімін бақылау үшін пайдалануға болады;
- үй және сынып тапсырмалары сіздің оқушыңыз шамадан тыс жүктелмеуі үшін кезең-кезеңмен орындалуы керек.

3. Жазбаша жұмыстың болмауы

Мектептерде оқушылар көбінесе тақтадан ақпаратты оқи алады, оны игеріп, содан кейін тапсырманы түсінгендігінің дәлелі ретінде шығарады деп күтеді. ЕБҚ бар кейбір білім алушылар үшін бұл мүмкін емес және олардың қатты алаңдаушылығын тудырады.

Мысалы білім алушы И. пәндік білімдерді ауызша білдіруде қиналмағанымен, өз ойын жазбаша білдіре алмайды. Өзінің дәптерінде екі-үш сөйлем ғана жазады және ойы шашыраңқы көрініс табады. Ол өте баяу және сенімсіз түрде оқиды; сыныпта өздігінен дауыстап оқуға батылы бармайды және ондай жағдайда қиналады. Кейбір мұғалімдер бұл мінез-құлық үлгісін байқап, білім алушының дислексиядан зардап шегетінін түсінді. Оны әрі қарай тексеру үшін маманға жіберді және оның диагнозы расталды.

Осы секілді білім алушыларды оқытуда мұғалімге берілетін ұсынымдар:

- нұсқауларды қарапайым етіп жасаңыз және қысқа, толыққанды берілген сөйлемдерге бөліңіз;
- оқушыларды фонемалардың араласуын ынталандыратын әріптер мен сөздер бар ойындарға тарту үшін 1: 1 оқу бағдарламаларын ұйымдастырыңыз;

- диктофондар немесе ноутбуктер сияқты балама жазу құралдарын қолданыңыз;

- жазбаша мәтінді қолдау үшін көрнекі құралдарды қолданыңыз [16].

Білім алушыларға арналған БЖБ және ТЖБ сараланған тапсырмаларын әзірлеу кезінде жаңартылған мазмұндағы бағдарламалардың ерекшеліктеріне сүйене отырып, олардың ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін ескере отырып, мұғалім оқу мақсаттарын, критерийлерін, дескрипторларын, тапсырмаларын саралай алады.

Бұл ретте мұғаліммен ұсынылатын конструктивті кері байланыстың атқаратын маңызды рөлін атап өту қажет. Әрине, зерттелетін материал түсінікті болған кезде ғана танымдағы жіберілген олқылықтарды терең түсінуге болады. Осыған байланысты әрбір жағдайда кері байланыстың сапасы мен сипаттамалары шешуші мәнге ие. Көптеген ғалымдар педагогикалық ғылымда кері байланыс педагог пен білім алушылар арасындағы тұлғааралық қарым-қатынасты реттеушіні білдіреді деп тұжырымдауы кездейсоқ емес.

Кері байланыс:

- нақты, түсінікті, уақытылы және сабақ барысында оқылатын оқу материалының тақырыбына сәйкес болуы тиіс;

- өзара құрмет, өзара түсіністік жағдайында ұйымдастырылған болуы тиіс;

- білім алушылардың өз танымы процесіне белсенді қатысуын көздейтіндей болуы тиіс.

Сабақта шебер ұйымдастырылған кері байланыс:

- мұғалімдерге білім сапасын жақсартуға, тиімді әдістер мен тәсілдерді, бағалау құралдарын қолдануға; бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқыту тәсілдерін түзетуге;

- білім алушыларға бағалау критерийлерін және оқу қызметіндегі үздік нәтижелерге қол жеткізу тәсілдерін білуге және түсінуге; рефлексия жасауға қатысуға, өзін-өзі бағалауға, өзара бағалау қабілетін дамытуға; нақты міндеттерді шешу үшін білімді пайдалануға, әртүрлі көзқарастарды білдіруге, сыни ойлауға;

- білім алушылардың ата-аналарына мұғалімдермен және мектеп әкімшілігімен кері байланыс орнатуға; білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелерін көруге және оларды білім беру процесінің барлық қатысушыларына белгілі, нақты анықталған, ұжымдық жасалған және белгілі ортақ бағалау критерийлерімен салыстыруға мүмкіндік береді.

Кері байланыстың мәнін зерттеу және мұғалімдерге рубрикаларды құрастыру бойынша ұсынымдар әзірлеу мақсатында арналған БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА-мен «Кері байланыс беру үшін 5-9 сыныптар оқу пәндерінің оқу мақсаттарына сәйкес рубрикаларды құрастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар» әдістемелік құралы әзірленді.

Ұсынымдарда педагогикалық қарым-қатынастың ажырамас құрамдас бөлігі ретінде білім алушылардың оқу жетістіктері мен қателіктерін ұғынуына, білім алушының педагогпен өзара қарым-қатынас жасауына, оқуға деген мотивациясын арттыруға және білім, дағды, біліктің деңгейі жөнінде идеяландырылған түсініктердің білім алушы әрекетінің нақты нәтижелерімен

саналы түрде салыстыру негізінде білім мазмұнын жақсы меңгеруге ықпал ететін рубрикалардың рөлі келтірілген. Рубриканы тек БЖБ және ТЖБ нәтижелері бойынша ғана емес, сондай-ақ тапсырмаларды орындауда қолдану бағалауды мұғалім мен білім алушы арасындағы конструктивті диалогқа ауыстырады [13].

Рубрикаторларды құрастыру бойынша зерделенген тәжірибе негізінде ұсынымдарда жалпы білім беретін мектептердің 5-9 сыныптарының оқу жоспарлары бойынша **рубрика әзірлеу алгоритмі ұсынылды.**

1-қадам. Пән бойынша білім алушылардың жетістіктерінің сараланған деңгейлерін анықтау (Кесте 3) [13]. Мұғалім оқу іс-әрекетінің материалдарын, формалары мен тәсілдерін мұқият таңдап, материалды жеке логикалық аяқталған оқу элементтеріне бөле отырып, олардың әрқайсысының мақсатын айқындай отырып, сараланған тәсілді жүзеге асырады.

Кесте 3. Оқытудағы кері байланыстың деңгейлік дифференциациясының сипаттамасы

Деңгейлер	Тапсырмаларды орындау пайызы	Сипаттама
1	2	3
Бастапқы	0%-39%	<ul style="list-style-type: none"> - пәндік терминдер мен ұғымдарды түсінеді және өз ойын айтады; - қарапайым тапсырмаларды орындайды және тікелей нұсқауларға сәйкес орындау процедуралары қажет ақпаратты әртүрлі формалар (кестелер, графиктер және диаграммалар) негізінде ұсынады және қарапайым қорытындыларды тұжырымдайды; - қарапайым тапсырмаларда шаблондарды таниды.

Кесте 3 – жалғасы

Орта	40%-84%	<ul style="list-style-type: none"> - пәндік терминдер мен ұғымдарды жеткілікті біледі және түсіндіреді; - тапсырмаларды орындайды және білімін практика жүзінде қолдана алады; - ақпаратты жинақтайды және қорытынды шығарады, алынған нәтижелерге дәлел келтіруі мүмкін; - типтік тапсырмалардағы үлгілерді таниды, стандартты шешу жолдарын ұсынады және пайдаланады; - берілген тапсырмалардың шешімін табуда басқа пәндерден алған білімін, дағдысын пайдаланады.
Жоғары	85%-100%	<ul style="list-style-type: none"> - пәндік терминдер мен ұғымдар бойынша терең білімі мен түсінігін көрсетеді; - күрделі тапсырмаларды орындайды және алған білімін табысты қолданады; - ақпаратты әртүрлі көздерден жинақтайды және толық негіздеумен қорытындыларды құрастырады, нақты, алынған нәтижелерге қисынды дәйекті дәлелдер келтіреді; - күрделі тапсырмаларды шешу жолдарын біледі, бірнеше жауаптар ұсынады; - әртүрлі стратегияларды пайдаланады, алынған нәтижелердің маңызы мен негізділігін бағалайды.

2-қадам. Үлгілік оқу жоспары мен оқу бағдарламасын зерделеу, оқыту мақсаттарына талдау жүргізу, білім алу процесінде ерекше қиындықтар туғызатын оқыту мақсаттарын анықтау, оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты негізінде бағалау критерийлерін құру.

3-қадам. Етістіктерді Блум пирамидасына сәйкес қарастыру (Кесте 4) [13].

Кесте 4. Ойлау әрекетінің деңгейлері және етістіктер. Рубрика құруға арналған әрекеттер

Ойлау әрекетінің деңгейлері	Білім алушылардың осы деңгейге жетуін көрсететін нақты іс-әрекеттері
1	2
1. Білім (Берілген жаңа түсінікті ұғу, еске ұстау, бұрынғы білімді еске түсіру)	- терминдерді, нақты фактілерді, әдістер мен рәсімдерді, негізгі ұғымдарды, ережелер мен қағидаттарды айтады.

Кесте 4 – жалғасы

2. Түсіну (Жаңа материалда берілетін білімді түсіну, өзінше түсіндіру немесе болжам жасауы)	<ul style="list-style-type: none"> - фактілерді, ережелерді, қағидаларды түсіндіреді; - сөздік материалды математикалық өрнектерге түрлендіреді; - қолда бар деректерден болашақта туындайтын салдарларды сипаттайды.
3. Қолдану (Жаңа жағдайларда ұғымдар мен қағидаларды пайдаланады, әдісті немесе әрекетті дұрыс қолдануын көрсетеді)	<ul style="list-style-type: none"> - нақты практикалық жағдайларда заңдарды, теорияларды қолданады; - жаңа жағдайларда ұғымдар мен қағидаларды қолданады.
4. Талдау (Біртұтастың бөліктерін белгілеу: олардың өзара байланысын айқындау)	<ul style="list-style-type: none"> - біртұтастың бөліктерін ажыратады; - олардың арасындағы өзара байланысты анықтайды; - ұйымдастыру принциптерін анықтайды; - ойлау логикасындағы қателіктер мен олқылықтарды көреді; - фактілер мен салдары арасындағы айырмашылықты жүргізеді; - деректердің маңыздылығын бағалайды.
5. Жинақтау (Жеке бөлшектерден, дара ұғымдардан тұтас дүние жасау)	<ul style="list-style-type: none"> - шығарма, баяндама, реферат жазады; - эксперимент немесе басқа әрекеттер жоспарын ұсынады; - тапсырма сызбасын құрастырады.
6. Бағалау (Жаңа ұғым, жаңа материалдың құндылығын, керектігін анықтау, пайымдау)	<ul style="list-style-type: none"> - жазбаша мәтінді құру логикасын бағалайды; - қорытындылардың қолда бар деректерге сәйкестігін бағалайды; - қызметтің қандай да бір өнімінің маңыздылығын бағалайды.

4-қадам. Рубрика білім алушыға түсінікті болуы шарт, оны әрі қарай оқуға ынталандыруы тиіс. Кері байланыстың сипаттамасын ескере отырып, рубрикада конструктивтік байланыс болуы тиіс, ол білім алушылардың белгілі бір білімдерге, дағдыларға қол жеткізу деңгейін бағдарлама ұсынымдарын ескере отырып толық көрсетуі тиіс. Конструктивті кері байланыс қателіктерді ғана көрсететін етістіктерді қолданудан бас тартуы керек. Конструктивті емес кері байланыс білім алушының жіберген қателіктеріне мән беріп және де ол өз кезегінде білім алушы мен ата-анаға кері әсерін тигізеді.

5-қадам. Рубрика бөлім/тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелері бойынша ғана емес, жазбаша жұмыстан кейін де қолданылуы тиіс.

Рубрикалар білім алушыларға жұмысты орындауға кіріскенге дейін белгілі болуы тиіс.

Жалпы білім беретін мектептің 5-9 сыныптарында қоғамдық-гуманитарлық білім беру пәндері бойынша деңгейлеп саралаудың негізінде рубрикаларды құрастыру тәсілдерінің мысалдарын қарастыруды ұсынамыз.

1-мысал. «Қазақ тілі» пәні бойынша 7 сынып оқушылары үшін мысал ретінде «Ғылыми фантастика» бөлімін сипаттауға болады, «7.1.1.1 мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау» оқу мақсаттарына сәйкес келетін бағалау критерийлері анықталды. Рубриkanı әзірлеу барысында білім алушыларға қойылатын оқу жетістіктерінің деңгейін саралау талаптары сақталған. Атап айтқанда:

Бастапқы деңгейде тыңдалған мәтін үзіндісіндегі оқиғаны бір-екі сөйлеммен дамытып айтады;

Орта деңгейде тыңдалған мәтін үзіндісіндегі оқиғаны үш-төрт сөйлеммен дамытып айтады және аяқтайды;

Жоғары деңгейде тыңдалған мәтіндегі оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжайды. Оқиғаны өмірмен байланыстыра отырып қорытынды жасайды.

2-мысал. 6 сынып «Қазақ әдебиеті» пәні оқу бағдарламасына сәйкес «Өлкені сипаттау өнері» бөлімі бойынша «6.2.4.1 әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу» оқу мақсатына сәйкес төмендегідей бағалау критерийі анықталды: Білім алушы:

- көркемдегіш құралдарды пайдаланып, мәтін жазады. Критерийде оқушы нені білуі тиіс және оқу мақсатына жету үшін не істеу керектігі туралы толық ақпарат берілген.

Бастапқы деңгейде оқушы әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып, берілген шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын немесе кейбір кейіпкер бейнесін жалпылама сипаттап жазады.

Ал орта деңгейде ол шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, едәуір кейіпкер бейнесін нақтырақ ашып сипаттап жазып береді.

Жоғары деңгейде көркемдегіш құралдарды пайдаланып, шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін жан-жақты сипаттап жазады.

3-мысал. 8 сынып «Ағылшын тілі» пәні бойынша «8.3.5.1 оқу тапсырмаларын орындау мақсатында басымдықтарды жоспарлау мен құру, серкіктестік, талқылау, келісу үшін сынып тастарымен өзара қарым-қатынас жасау.» оқу мақсатына сәйкес рубрика құрылды. Әрбір оқушының жеке қабілеттері мен ерекшеліктерін ескере отырып оқу мақсатына сай бағалау критерийі жасалды. Мысалы: Басқалардың айтқанын сөйлеммен немесе пайымдаумен біршама икемділікпен түсіндіреді.

Бастапқы деңгей – келісу, келіспеушілік және келісімдер кезінде өз құрдастарын түсінеді, айтылымда 1-2 сөйлеммен жауабын түсіндіреді, 4-5 минут ұзақтықта 2-3 сұрақтарға тақырып бойынша нақты емес жауап береді.

Сөйлесуде, идеяларды ұсынуда, лексика мен грамматикалық құрылымды 1-2 сөйлем атайды;

Орта деңгей – әріптестерімен келісесіз бе, жоқ па деген пікірлерді талқылайды. Жауабында 3- 4 түсініктеме береді. Сөйлеу кезінде 4-5 сұрақтарға жауап береді. Сіз кем дегенде айтылымды 3 минут ішінде орындайды. Өз көзқарастарын 2-3 дәлелмен суреттейді. Тиісті лексика-грамматикалық құрылымдардың жеткіліксіз қолданылғандығын көрсетеді;

Жоғары деңгей – оқушылар отбасы, басқа адамдармен қарым-қатынас, әуесқойлық пен қызығушылық, үй сияқты тақырыптар бойынша жұптасып сөйлеседі. Біріншіден, бір оқушы түсінік береді, содан кейін рөлдерді ауыстырады. Тақырып бойынша идеяларды ұсынуда, лексика мен грамматикалық құрылымды сөйлеуде қолдану кезіндегі ойын дұрыс дамытады. Көптеген сұрақтарға дұрыс жауап береді [13].

Осылайша, анық кері байланыс білім алушының назарын нақты тақырып немесе модуль шеңберінде оқытудың мақсатты мазмұнына шоғырландыруға мүмкіндік береді, сондай-ақ барлық қателер мен дәлсіздіктерді түзету оқудың өзін-өзі бағалауы мен мотивациясына теріс әсер етуі мүмкін бастапқы оқыту кезеңдерінде өзіне деген сенімділікті дамытуға ықпал етеді.

Білім алушыларды бағалау критерийлерімен және тапсырманы орындаудың жоғары (жақсы) үлгілерімен алдын ала таныстыру қажет. Бұл оларға өз жұмысын осы өлшемдер мен үлгілермен жақсы салыстыруға және алынған кері байланысты жақсы жүйелендіруге мүмкіндік береді.

Оқытудағы кері байланыс жасаудың маңызды ережелерінің бірі – одан әрі іс-қимылға нұсқаулардың болуы. Яғни, болашақта осы қателерді жою үшін қандай дағдылар мен материалдарды пысықтау керек, нақты қадамдар ұсынылуы тиіс.

Сонымен қатар педагог БЖБ және ТЖБ сараланған тапсырмаларын әзірлеуде психикалық: есте сақтау, ойлау, елестету, сөйлеу процестерінің дамуын ескеруі тиіс және рубриканың білім алушыларда үздік нәтижелерге қол жеткізу мотивациясына әсерін, оқуға тұрақты қызығушылығын қалыптастыруы тиіс.

Әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу барысында еліміздің мектептерінде инклюзивті білім беруді іске асыратын қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пән мұғалімдерінің БЖБ және ТЖБ тапсырмалары талданды. Рефлексия үшін мұғалімдерге келесі сұрақтар ұсынылды:

1. Аты-жөніңіз, еңбек өтіліңіз, санат, өңір, мектеп атауы.
2. Білім алушының аты-жөні (кез келген лақап ат), сыныбы.
3. Білім алушының ерекше қажеттіліктерінің қысқаша сипаттамасы, «күшті» және «әлсіз» тұстары.
4. Осы баланың ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сабақта қандай тәсілдерді қолданасыз?
5. Өз пәніңіз бойынша БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын әзірлеу кезінде мұны қалай ескересіз?
6. Бұл жұмысыңызда қандай әдістер мен тәсілдер тиімді болды? Қай тұста әлі де шындалу қажет деп ойлайсыз?

7. Төменде өзіңіз әзірлеген және сабақтарыңызда пайдаланған БЖБ және ТЖБ сараланған тапсырмаларына мысалдар (тапсырмалар саны өз еркіңіз бойынша 1-5 аралығында) келтіріңіз, мұндайда сынып, пән, бөлім, тоқсанды белгілеңіз.

Осы әдістемелік ұсынымдардың қосымшасында жалпы білім беретін мектептердің педагогтері үшін қазақстандық мұғалімдердің тәжірибесінен қоғамдық-гуманитарлық білім беру пәндері бойынша білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып, БЖБ және ТЖБ сараланған тапсырмаларын құрастырудың әртүрлі тәсілдерінің мысалдары ұсынылады.

Қорытынды

Мұғалімнің әрбір білім алушының даралығын тануы жеке тұлғаға бағытталған оқыту жүйесінің маңызды қағидаты болып табылады. Білім алушының даралығы оқу ақпаратын қабылдау және меңгеру ерекшелігі негізінде көрінеді. Демек, педагог оқу материалының көмегімен білім алушының жеке дамуына қажетті жағдай жасауы тиіс.

Білім алушы оқу мазмұнын оқу іс-әрекетінде меңгереді. Тек осы жағдайда ғана білім алушы білімді саналы, берік меңгереді және дамиды. Білім алушы өзі білім алуы тиіс, ал мұғалім – оның білім алуын басқаруды жүзеге асыруы керек, яғни білім алушыны ынталандыруы, оған кеңес беруі, оқу процесін ұйымдастырып, бақылауы тиіс. Оқытуды субъект-субъектілік негізге ауыстыру білім алушының мотивациясын, санасын, бейімділіктерін, дербестігін, оқу-танымдық қызметті өзін-өзі басқаруды жүзеге асыра білуін дамытуды қамтамасыз ететін педагогикалық технологияны талап етеді.

Қазіргі жағдайда мұғалімнің жеке тұлғаға бағытталған білім берудің концептуалды ережелерін білуі, білім алушы тұлғасын қалыптастырудағы жаратылыстану-математикалық пәндердің рөлін қайта қарастыруы, білім беру сапасын арттыру бойынша қызметтің негізгі бағыттарын белгілеуі, оқу процесін ұйымдастыру технологияларын, білім алушыларды жиынтық бағалау рәсімдерін қарастырудың жаңа тәсілдемелерін түсінуі маңызды.

Осылайша, саралап оқыту тәсілдемесі – білім алушылардың әртүрлі топтары үшін оқу процесін мамандандыруды, білім алушылардың ерекшеліктерін есепке алу мақсатында әртүрлі топтар үшін түрлі оқыту жағдайларын жобалайды.

Саралап оқыту тәсілі әртүрлі білім алушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін кіріктіреді. Күрделілігімен, оқу-танымдық қызығушылықтарымен, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану – сараланған оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың шарты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін жаңартылған оқу бағдарламаларын жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 248 б.
2. Орта білім мазмұнын Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесі негізінде жаңарту. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. – 43 б.
3. Методическое руководство по разработке краткосрочного плана по предмету «Русский язык» (Я1) в 10-11 классах. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2014. – 48 с.
4. URL: file:///C:/Users/CRIO_user/Desktop/moluch_261_ch8.pdf
5. Особенности формирования функциональной грамотности учащихся старшей школы по предметам общественно-гуманитарного цикла. Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им. И. Алтынсарина, 2013. – 41 с.
6. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669/compare>
7. 2019-2020 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019. – 440 б.
8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы. URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V080005191/compare>
9. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың оқыту үдерісіне тиімді әдістер мен технологияларды енгізу бойынша әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу. Әдістемелік ұсынымдар – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 216 б.
10. Мовкебаева З.А. «Инклюзивное образование: теория, практика, опыт» Материалы международной научно-практической конференции, 2018 г.
11. Выготский Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка // Вопросы психологии. 1966. № 6. С. 62-76.
12. Гайдукевич С.Е. Средовой подход в инклюзивном образовании // Инклюзивное образование: состояние, проблемы, перспективы. – Минск: Четыре четверти, 2007, с. 34.
13. Кері байланыс беру үшін 5-9 сыныптар оқу пәндерінің оқу мақсаттарына сәйкес рубрикаларды құрастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-сұлтан қ.: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019. – 200 б.

14. Доступ к школе и учебная среда II – универсальный дизайн для обучения. Детский фонд ООН (ЮНИСЕФ). – Нью-Йорк, 2014 г.

15. Peter Westwood. Teaching Methods: Differentiated instruction. URL: https://www.teachermagazine.com/au_en/articles/teaching-methods-differentiated-instruction

16. Differentiation for SEN students: tips for boosting attainment. URL: <https://www.theguardian.com/teacher-network/teacher-blog/2014/apr/09/special-educational-needs-tips-boosting-attainment>

Қосымша

№1 («Қазақ тілі» пәні бойынша)

1. Аты-жөні: Омарова Салтанат Баяхметовна, еңбек өтілі: 25 жыл, санаты: педагог зерттеуші, өңір: СҚО, Петропавл қаласы, мектеп атауы: «№ 2 орта мектеп» КММ.

2. Д., 7-сынып, диагнозы: ПДТ

3. Д. оқу үлгерімі төмен. Есте сақтау қабілеті нашар дамыған. Оқу жылдамдығы да төмен. Оқығанын бірден айтып бере алмайды. Сөздік қоры аз. Бірақ бала оқуға ұмтылады, үй тапсырмаларын үйде анасының көмегімен орындап келеді, ал өз бетінше сыныпта берілген тапсырмаларды тиісті деңгейде орындай алмайды. Мінезі тұйық, көңіл күйі тұрақты. Өзіне-өзі қызмет ете алады. Эмоциялары: мазасыз емес, сабырлы, әр нәрсеге шыдамдылық таныта біледі. Бұл оқушының жақсы жағы оқуға деген ұмтылысы, қандай тапсырма берсең де, бар ынтасымен орындайды, бірақ сол тапсырманы орындау үшін оған оны бірінші түсініп алу керек. Сондықтан бұл оқушы ерекше көңіл бөлуді қажет етеді.

4. Әрбір бала үшін жетістікке жету – өзінің мүмкіндігіне қарай орындай алатын әрекетін жүзеге асыру. Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді. Инклюзивті оқыту – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы.

Осыған орай мүмкіндігі шектеулі балаларға ерекше білім беру назарсыз қалмауы үшін қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдерін әрбір ұстаз нақты қарастыру керек. Ол үшін жалпы білім беретін мектепте дені сау балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуы консилиум арқылы әзірленеді. Консилиумға мектептің пән мұғалімдері, педагог-дефектологтар, психологтар қатысады. Әр мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекшеліктері туралы пән мұғалімдеріне жеткізіледі. Пән мұғалімдері осыған негіздеп өздерінің жылдық күнтізбелік жоспарларын жасайды. Мен күнтізбелік жоспар жасағанда Д. орындай алатын мүмкіндігін ескере отырып жасаймын. Сабақтарымды баланың қызығу мүддесін туғызу, зейінін жинақтау және жауапкершілік туғызу мақсатында топтық ойындар, суреттерді сөйлету, стратегиялары сәтті өтті. Д. жеке жұмыс емес, көбіне топпен орындаған жұмыстар ұнайды. Топпен орындаған жұмысқа ол белсене араласады, өз ойын да қосып отырады. Топқа бөлгенде қызыл, жасыл, көк кеспелермен бөлсем, бастапқы кезде оқушы үйренгенше оған тек қана көк кеспені ал деп айтамын, сол көк кеспедегі тапсырманы ол өз бетінше орындай алатындай қылып жасаймын. Сосын біраз уақыттан кейін басқа түстерге ауыстырамын. Сабақта тілдік қатынас үш түрлі жолмен іске асады:

1. Жұптық
2. Топтық
3. Ұжымдық

Мысалы: «Броундық қозғалыс», «Бұл кім?», «Артықтығын алып таста» сияқты стратегиялар қолданамын.

Сабақта шаттық шеңбер құру арқылы психологиялық хал-ахуал туғызудың да маңызы зор. Сыныпта балалардың ерекшеліктерін ескере отырып сергіту сәттерін дұрыс ұйымдастыра білу де сабақтың нәтижелі өтуіне себебін тигізеді. Қазақ тілін оқыту барысында бұл әдістердің қайсысының қай кезде тиімді екенін мұғалімнің өзі айқындап алып, таңдап қолданады. Психикалық дамуы тежелген балалардың есте сақтау, қабылдау қабілеттерін дамыту мақсатында сабақтарда ақпараттық технологияларды пайдаланған өте тиімді деп есептеймін. Мен өз тәжірибемде интербелсенді тақта, электронды және мультимедиялық оқулықтарды, интернет, ұялы телефон, компьютер, ноутбукті пайдаланып жүрмін. Жұмыстарымда интербелсенді тақтадан мультипликациялық бейнеклип арқылы балаларға сергіту сәтін өткіземін. Сабақтарымда АКТ пайдалану арқылы оқушылардың жаңа ойларын, әсерлі идеяларын тартымды етіп көрсететіндігін аңғардым. Ақпараттық технологияларды қолдану арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың психологиялық танымдық процестері жағынан тиімділігі артады. Ақпараттық интерактивті технологияларға қызығушылықтары артып, зейінін шоғырландырады, тұрақтандырады. Психологиялық интерактивті жаттығулар, әдістер арқылы мүмкіндігі шектеулі балалардың қиялын ұштауға қанаттандырады; дәстүрлі әдістерден гөрі ақпараттық технологиялар арқылы қолданыла көрсетілген көрнекі-жабдықтар бала есінде ұзақ мерзімде сақталып, есте сақтау процесінің дамуына септігін тигізеді.

5. БЖБ мен ТЖБ құрастырған кезінде Д. диагнозына үлкен мән беремін, себебі оның бақылау жұмыстары қалған оқушылардан біраз өзгеше болады. Оқу кезінде балаға оқулықты ашуға қажетті бетті табуға қай жерде оқып жатқанымызды көрсетемін. Сабақ барысында тапсырмаларды орындау уақытын қысқатуға тура келеді (егер бұл сұрақ мәтінге қатысты болса, онда 3 - 4 сұрақты талқылаймыз, толық көлемінде емес, себебі бала тез шаршайды.) Сұрақтарға жауап бергенде ойлануға, біраз уақыт беру керек (баланың реакциясы баяулауы мүмкін). Дамир үшін тапсырманы ауызшада, жазбаша да түрде тұжырымдау керек. Тапсырма қысқа, нақты, бір етістіктен болу керек. Тапсырманы баланың жанында тұрып, тұжырымдаймын, себебі балаға бастаған істі аяқтауға мүмкіндік беремін.

6. Психикалық дамуы тежелген баламен неғұрлым тиімді әртүрлі әдістер қолданылады.

1. Ауызша (сұрақтар, түсіндіру, әңгімелесу, әңгіме...).
2. Көрнекі (АКТ, бақылаулар, түрлі көрнекі иллюстрациялар, схемалар...).
3. Практикалық (практикалық жаттығулар, графикалық жұмыстар...).
4. Дидактикалық ойындар

А) Балалармен жұмыс барысында ауызша әдістерді қолданған кезде мұғалімнің сұрақтары жақсы ойластырылған және нақты тұжырымдалған және балаларға қол жетімді болуы керек екенін есте ұстаған жөн. Мұғалімнің

түсіндірмесі жиі қайталауды қажет етеді. Мұғалімнің әңгімесі қысқа, айқын, эмоционалды және мәнерлі болуы керек.

Ә) Көрнекі әдістер әсіресе түзету жұмыстарында кеңінен қолданылады. Көрнекі әдіс түзету жұмысындағы өте тиімді әдіс болып табылады, сондықтан оған белгілі бір талаптар қойылады. Мәселен, мысалы, иллюстрациялық материал балаларға түсінікті болуы керек, көптеген қосымша мәліметтер болмауы керек, зерттелетін тақырыпқа сәйкес келуі керек. Схемалар балаларды түсінуге барынша айқын және қолжетімді болуы тиіс

Б) ПДТ балалармен түзету жұмысындағы жалпы қабылданған практикалық әдістердің ішінде жаттығулар мен дидактикалық ойын ең тиімді болып табылады. Жаттығулардың қажеттілігі осы санаттағы балалардың ақыл-ой белсенділігінің әлсіздігімен, есте сақтау қабілетінің әлсіреуімен, қабылдау қиындықтарымен және т.б. байланысты.

Бөлім	7 сынып, 4-тоқсан, 1-бөлім «Жеңіс күні. Ұлы ерлікке тағзым. Морфология»
Оқу мақсаты	7.3.1.1 Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру 7.4.4.5 Оқшау сөздердің қызметін түсіну, ажырата білу
Бағалау критерийі	- Мәтіннің құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құрады - Оқшау сөздердің қызметін анықтайды
Ойлау дағдысының деңгейлері	Қолдану
Орындау уақыты	15-20 минут

1-тапсырма

Сізге мектепте өтетін 9 мамырға арналған мерекелік кешке «Ерлікке – тағзым» атты құттықтау сөзін дайындау тапсырылды. Құттықтау сөзінің құрылымын ескере отырындар.

Көмекші сөздер: Құттықтаймын, жеңіс жалауы, қаһарман, қайсарлық, ұрпақ

2-тапсырма

Берілген оқшау сөздерге сөйлем құра, оның сөйлемдегі қызметін анықта.



Оқшау сөздер	Мысал	Қызметі
Менің ойымша		
Алақай		
Балалар		

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтіндердің құрылымын ескере отырып, құттықтау сөз жазады	1	Мәтіннің құрылымын сақтайды	1
		Қосымша сөздерді пайдаланып, құттықтау сөз жазады	1
Оқшау сөздердің қызметін анықтайды	2	Оқшау сөздерге сөйлем құрайды	1
		1- сөйлем	1
		2- сөйлем	1
		3- сөйлем	
		Қызметін анықтайды	1
		1- сөйлем	1
2- сөйлем	1		
3- сөйлем			
Барлығы			8

«Қазақ тілі Т1» пәнінен 4-тоқсан бойынша жиынтық бағалау тапсырмалары
 Тыңдалым мен айтылым
 Тапсырма

1. Мәтінді мұқият тыңдаңыз. Сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы алған әсеріңізді жұпта талқылаңыз. Мәтіннің дамуы мен аяқталуын болжап айтыңыз, негізгі ойды анықтаңыз. Негізгі ойды екі сөйлем көлемінде мысал арқылы келтіріңіз. Берілген проблемалық 2 сұраққа жазбаша жауап беріңіз. Сөйлесімде оқшау сөздерді қолданыңыз.

2. Өз жұбыңызбен талқылап, мәтінге ат қойыңыз.

[10]

1-мәтін

Осы соғыста қаншама адам қаза тауып, қаншамасы мүгедек атанды. Қаншама ана жесір, балалар жетім қалды. Оңай келмеген жеңісте ерен ерлігімен көзге түсіп, ерекше сый-құрметке ие болған сан мыңдаған жауынгерлердің ішінде қазақ аталарымыз бен апаларымыз да көп. Ерлігін жыр қылып айтатын әрбір қазақ батырымызды ешбіріміз ешқашан ұмытпаймыз.

Қазір қазақ елді мекендерінде көптеген көшелер, ғимараттар, оқу орындарына Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қазақтардың есімдері де берілді. Ол деген біз, яғни, кішкентай қазақстандықтар өз ата-апаларының ерліктерін ұмытпасын, біліп жүрсін, мақтан етсін деген мақсат. Қазіргі кезде сол батырларымыздың қатары сиреп, азайып қалды. Олар – біздің мақтанышымыз!

9 мамыр – бұл мереке ғана емес, бұл халықтың батырлығы. Біздің парызымыз – бұл күнді ешқашан ұмытпай есте сақтау!

Биыл Ұлы Отан соғысының жеңісіне 74 жыл толуына орай еліміздің әрбір жерінде әр түрлі іс-шаралар, мерекелік кештер өткізілуде. Соғыс ардагерлеріне құрмет көрсетіліп, қошемет жасалуда. Әрине, олардың орасан зор еңбегін еш уақытта өтеу мүмкін емес. Соғыс ардагерлеріне тағзым ете отырып, келешек еліміздің ертеңі жақсы болса екен деп тілеймін. Әрбір қазақ баласы өз Отанын анасындай сүюі қажет. Тәуелсіз еліміз өркендеп, өсе берсін. Еліміздің көк аспанында бейбітшіліктің, тәуелсіздіктің, азаттықтың туы әрқашан желбірей берсін! (177 сөз)

Толығырақ: <https://massaget.kz/okushyilarga/shyigarma/27839>

2-мәтін

4-16 октябрьде дивизия шақырылмаған қонақтармен алғаш рет «танысып», содан кейін оларды сыйлауға кірісті. Бірақ көп қонақты «күту» оңайға түскен жоқ. Біздің дивизия дұшпанның үш дивизиясына – бір танк дивизиясы мен екі жаяу әскер дивизиясына қызмет етті. Қару-жарақ, адам күші жағынан олар басым болғанымен, біздің оларды уақыттан ұтуымыз қажет еді. Осы уақытты ұту мақсатымен біз кейін қарай жылжи, сырғи отырып, жиырма сегіз күн соғыстық. Сол жиырма сегіз күнде біздің дивизия жиырма бес километр ғана кейін шегініпті. Сөйтіп немістердің Москваға жасалған 7-31 октябрь арасындағы бірінші үлкен шабуылы күйретілді. Біз бұған, майданда жүрген барлық солдаттар мен командирлер қатынымыз ұл тапқандай қуандық, қарағым.

алып, Жердің бір шетінен екінші шетіне санаулы сағаттарда жете алатындай мүмкіндікке ие болды. Қиялдың осы шексіздік қасиеті адамзатты әлі талай биіктерге көтереді деп үміттенемін.

Қиял дегеніміз – төбеміздегі көк зеңгір аспан секілді де, адам ойы – сол қиял аспанын да шарқ ұрған қыран құс секілді. Егер адамның қиял әлемі соншалықты кең болса, оның ойы да қыран құстай неғұрлым алыстарға самғап ұша алады. Демек бүгінгідей бәсекелестік өріс алып отырған заманда, жана туған жас нәрестенің бойына қиялдай білу қасиетін молынан дарытуға ұмтылу – әрбір ата-ананың парызы.

Қиялдай білу қасиеті, әсіресе шығармашылық еңбекпен шұғылданатын адамдар үшін таптырмас құрал. Ал біз өмір сүріп отырған қазіргі заман кез келген еңбек түріне шығармашылықпен ойлау талабын қоюда. (174 сөз)

<https://egemen.kz/article/173771-qiyal-qudireti> 03 қыркүйек, 2018

Ә мәтіні

Фантастикалық көркем әдебиет – негізінен, ойдан туындайтын, ғылым немесе техниканың қоғамға, яки жекеге ықпалын суреттейтін, баяндайтын нысанасы беймәлім өңірдегі қияли әдеби мәтіндер. «Фантастика» ұғымының өзі де қиялдану өнерін меңзейді.

«**Ғылыми фантастика — әдебиеттің перзенті.** Демек, оны оқыған адам ғылыми мәлімет, фантастикалық қуат алуы және ғылымдағы тенденцияны аңғарумен қатар, эстетикалық ләззат алуы тиіс. Жазылған дүниенің қажетті компоненттері жетпей де қалмай, асып та кетпейтіндей дәрежеде болғанда ғана рухани ләззат та, ғылыми таным да алуға болады» [1], — деп атап көрсеткен А.-Х.Ф. Мархабаевтың қазақ фантастикасының қалыптасуына қосқан үлесі қалың оқырманға кеңінен таныс, ал оның фантастика жанрының пайда болуы, көтерген тақырыбын зерттеген монографиясы постсоветтік кеңістікте осы тұрғыдағы алғашқы еңбектердің бірі екені белгілі. (105 сөз)

<https://articlekz.com/kk/article/16166>

1. 2 проблемалық сұраққа жауап бер [2]

Егер сен сиқыршы болсан не істер едің?

Қандай ғылыми – фантастикалық кітаптар оқыдың?

2. Мәтіндердің стилін, ерекшелігін анықтаңыз, тілдік құралға мысал келтіріңіз, сілтеме жасаңыз.

Кестені толтырыңыз

[6]

№	Стиль	Ерекшелігі
1-мәтін		
2-мәтін		

3. Тұжырымның шындық/жалған нұсқасын V белгісімен көрсетіңіз.

		жібереді.	анықтап, оқшау сөздердің қызметін түсініп, ажырата біледі Проблемалық сұраққа нақты әрі сауатты жауап жазады	
2	7-8	Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын жақсы түсінеді. Сөйлесім кезінде сөз саптауы дұрыс, оқшау сөздерді қолданады, анда-санда қателер жібереді.	Талқылау кезінде өз ойын түсінікті жеткізе алады, мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжай алады, бірақ кейде сырттан қолдауды қажет етеді. Мәтін тақырыбы , сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтап, оқшау сөздердің қызметін түсініп, ажырата біледі Проблемалық сұраққа нақты жауап жазады, дегенмен кей жағдайда қосымша көмекті қажет етеді	
	5-6	Грамматикалық және лексикалық құрылымдарды қолдану аясын орташа түсінеді. Сөйлесім кезінде сөз саптауы дұрыс, оқшау сөздерді қолданарда ойланады, қателері байқалғанмен, түсінуге кедергі тудырмайды.	Мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжай алады. Мәтін тақырыбы , сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтап, оқшау сөздердің қызметін түсінгенімен, ажыратуда қиналады. Талқылау кезінде қолдауды қажет етеді, Проблемалық сұраққа толық емес жауап жазады	
	3-4	Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын аздап түсінеді. Сөз саптауы нақты емес, түсініспеушілікті	Мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтауда, оқшау сөздерді сөйлесімде	

	тудырады. Оқшау сөздерді қолданануда қателері байқалады.	қолдануда қателеседі. Мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжауда қиналады. Проблемалық сұрақтарға жауап беруде қиналады.	
1-2	Грамматикалық және лексикалық құрылымдардың қолдану аясын өте аз түсінеді. Түсініспеушілікті тудыратын, қайталанып келетін қателер жиі кездеседі.	Мәтін тақырыбы, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтауда қателеседі. Сөйлесімде оқшау сөздерді қолдана алмайды. Мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжай алмайды. Проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап жаза алмайды.	

Оқылым

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат									
1	Берілген сұраққа жауап беру	2	/Оқушы жауабы ескеріледі./									
2	<table border="1" style="width: 100%; border-collapse: collapse;"> <thead> <tr> <th></th> <th>1- Мәтін</th> <th>2- мәтін</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>Стиль</td> <td>Публицистикалық</td> <td>Ресми</td> </tr> <tr> <td>Ерекшелігі</td> <td>Бұқаралық ақпараттар</td> <td>Іс-қағаздар, құжаттар</td> </tr> </tbody> </table>		1- Мәтін	2- мәтін	Стиль	Публицистикалық	Ресми	Ерекшелігі	Бұқаралық ақпараттар	Іс-қағаздар, құжаттар	6	
	1- Мәтін	2- мәтін										
Стиль	Публицистикалық	Ресми										
Ерекшелігі	Бұқаралық ақпараттар	Іс-қағаздар, құжаттар										
3	Шындық: ВС	1										
	Жалған: AD	1										

Барлығы	10	
---------	----	--

Жазылым

№	Балл	Сипаттамасы	Қосымша ақпарат
1	9-10	Орындалған тапсырмада көркем тіл құралдары орынды қолданылған. Ойын еркін әрі нақты көркем тілмен жеткізеді. Сөйлем ішінде және соңында кездесетін тыныс белгілері сауатты қойылған.	
	7-8	Орындалған тапсырмада көркем тіл құралдары үйлесімділікке сай қолданылған. Ойын дәл әрі көркем тілмен әсерлі береді. Сөйлем ішінде және соңында кездесетін тыныс белгілерді қоюда қателер жіберілмеген.	
	5-6	Орындалған тапсырмада көркем тіл құралдарының бір шамасы ғана қолданылған. Ойын дәл әрі көркем тілмен әсерлі береді, десек те бірізділік сарыны байқалады. Сөйлем ішінде және соңында кездесетін тыныс белгілерін қоюда біршама қателер жібереді	
	3-4	Орындалған тапсырмада көркем тіл құралдары аз қолданылған.. Ойын еркін , нақты білдіргенімен, жүйесіздік байқалады. Сөйлем ішінде және соңында кездесетін тыныс белгілерін қоюда қателер жібереді.	
	1-2	Орындалған тапсырмада көркем тіл құралдары аз қолданылған немесе мүлдем қолданылмаған. Сөздер кейде анық емес. Сөйлем ішінде және соңында кездесетін тыныс белгілердің дұрыс қойылмаған, сөйлемнің мағынасын түсінуде кедергі келтіреді.	

№2 («Қазақ тілі» пәні бойынша)

1. Аты-жөні: Кайрашова Дидар Еркиновна, еңбек өтілі: 24 жыл, санаты: жоғары, педагог-зерттеуші, өңір: ШҚО, Семей қаласы, мектеп атауы: «№30 ЖОББМ» КММ

2. А., 7-сынып

3. А. көру қабілеті өте төмен, дәрігерлердің ескертуі бойынша көзге көп салмақ түсіруге мүлдем болмайды. Көзінің нашар көретініне қарамастан, А. сабаққа деген құлшынысы жақсы. Ол сабақ процесінде тыңдалым мен айтылым тапсырмаларын өте жақсы орындайды, яғни тыңдаған материалын түсінікті түрде айтып бере алады. Ал, оқылым мен жазылым тапсырмалырына келгенде мүдіріп қалады, оның себебі бұл тапсырмалар оның көзіне салмақ түсіреді де, А. өз деңгейінде орындай алмай қалады.

4. А. ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сабақта тыңдалым мен айтылым тапсырмаларына негізделген тапсырмаларды беруге, кері байланыстардың өзін ауызша бергізуге тырысамын. Топ болып жұмыс жасаған кезде, көбіне спикер болғызамын.

5. Қазақ тілі пәнінен БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын дайындағанда тыңдалым мен айтылым тапсырмаларын қызықтырақ етіп дайындауға тырысамын. Оқылым мен жазылым тапсырмаларының көлемін азайтамын және оларды сурет немесе әртүрлі графикалық кестелер түрінде бересмін.

6. Бұл жұмысымда тиімді болған әдіс-тәсілдер: сыни тұрғыдан ойлау, дамыта оқыту, дифференциалды оқыту және АКТ-ны қолдану, графикалық диктанттар, т.б. АКТ-ны қолдануды әлі де шыңдау керек деп ойлаймын (әртүрлі платформаларда жұмыс жасау).

2-ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

«Сүйіспеншілік пен достық» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты	7.Т/А3. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу 7.ӘТН3. Фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану
Бағалау критерийі	- Мәтіндегі негізгі ақпарат пен көзқарасты табады - Фразеологизм, мақал-мәтелдердің көркемдік ерекшеліктерін ажыратады - Сөйлемде тиімді қолданады
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу және түсіну
Орындау уақыты	15-20 минут

1-тапсырма

Мәтінді мұқият тыңдап, мазмұндаңыз, ондағы тірек сөздерді, негізгі және қосымша ақпараттар мен көзқарастарды табыңыз.


<https://youtu.be/gH3zqZPR4EQ> сілтемесі арқылы «Адал дос» ертегісін тыңдату.

Негізгі ақпарат	Қосымша ақпарат	Көзқарас
1.	1.	1.
2.	2.	2.
3.	3.	3.

2-тапсырма

«Жігітті жолдасына қарап бағала» дегенді қалай түсінесіз?

Фразеологизм, мақал-мәтелдерді қолдана отырып, сурет бойынша қысқаша әңгіме құрыңыз. Әңгіменің құрылымын сақтаңыз /кіріспе, негізгі, қорытынды бөлім.



Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
		<i>Білім алушы</i>	
Мәтіндегі негізгі ақпарат пен көзқарасты табады.	1	мәтіннің мазмұнын ашады; тірек сөздерді	1
		негізгі ақпараттарды анықтайды; қосымша ақпараттарды анықтайды;	1
			1
Фразеологизм, мақал-мәтелдердің көркемдік ерекшеліктерін	2	тақырыпты ашады; әңгіме құрады;	1
		әңгіме құрылымын	1
Сөйлемде тиімді қолданылы		көркемдегіш құралдарды тиімді қолданады.	1
Барлығы			10

№3 («Қазақ тілі» пәні бойынша)

1. Аты-жөні: Жанузакова Индира Кабылқалықовна, еңбек өтілі: 25 жыл, санат: педагог-зерттеуші, өңір: ШҚО, мектеп атауы: Өскемен қаласы әкімдігінің «№15 орта мектебі» КММ.

2. Р., 9-сынып

3. Р. есту қабілеті мен сөйлеу қабілеті нашар дамыған, бірақ қатты сөйлегенде естиді және сөйлеу тілінде мүкістігі болса да, айтқанын түсінуге болады. Тапсырманы қаттырақ, асықпай және бірнеше рет қайталап айтуды қажет етеді. Нашар естігендіктен сөздік қоры аз, мәтіннің мазмұнын толық түсіне алмайды, өз ойын жеткізуде қиналады. Есту аппаратын қолданбайды, себебі үзіліс кезінде ыңғайсыздық тудырады. Р. «күшті» жағы – әлеуметтік ортаға бейімделген, өз құрбы-құрдастарымен еркін араласады, сыныптастарының ортасында беделді, спортпен шұғылданады және жүлделі орындары көп. Топтық жұмыс барысында сурет салу тапсырмаларын орындайды. «Әлсіз» тұстары – естімей қалған кездері өзін ыңғайсыз сезінеді, оқуға деген ынтасы орташа.

4. Р. ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін сабақта ауызша сөйлеу тілін дамытуға бағытталған және өз ойын, пікірін білдіруге бағытталған тапсырмалар беруге тырысамын. Көрнекіліктерді, видео және аудио жазбаларды, өз ойын айтуда клише сөздерді қолдану сияқты тәсілдерді қолданамын.

5. БЖБ және ТЖБ тапсырмаларын әзірлеу кезінде Р. ерекшеліктерін ескере отырып жеке тапсырмалар дайындаймын. Берілген мәтіннің үлкен шрифтпен жазылуына, көлемі шағын болуына және мәтіннің тілінің жеңіл әрі түсінікті болуына көңіл аударамын. Тапсырмалардың санын аз қылып құрамын.

6. БЖБ мен ТЖБ тапсырмаларын құруда «СВОТ талдау» әдісін, сәйкестендіру тестін, жабық сұрақтар құру, «РАФТ» стратегиясын, мәтін бөліктеріндегі негізгі ойды анықтау, графиктік мәтінді сөз мәтінге айналдырып жазу, мәтіннен тірек сөздерді анықтау, тақырыпқа қатысты терминдерді теріп жазу, мәселеге қатысты комментарий жазу сияқты әдістер мен тәсілдерді қолдануым тиімді болды. Баланың өз ойын, пікірін білдіретін тапсырмаларды дұрыс құруды әлі де ойластыру керек деп санаймын.

4-тоқсан бойынша «Қазақ тілі» пәнінен жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар

«Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану» бөлімі бойынша жиынтық бағалау

Оқу мақсаты	9.1.3.1 Тындалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу
Бағалау критерийі	Ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстырады

Ойлау дағдыларының деңгейі:	Қолдану
------------------------------------	---------

Тапсырма

Мәтінді мұқият тыңдаңыз. Ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыру үшін берілген кестені толтырыңыз.

Қазақстанның табиғат жағдайлары алуан түрлі. Қазақстан территориясы кең байтақ жерді алып жатыр. Қазақстандағы қалыптасқан экологиялық жағдайды қанағаттанарлық деп айта алмаймыз. Қазақстандағы қазіргі кездегі экологиялық мәселелерге байланысты бірнеше экологиялық аймақтарын көрсетуге болады.

